3 бөлім Мемлекет басшысының әділеттілік пен ізгі өмір салтына қатысты шағымдарды қарастыру туралы

4 бөлім Әмілдер, уәзірлер мен ғұламалардың істерін үнемі ақылмен бақылау туралы

5 бөлім Мукта туралы, олардың халықпен қарым-қатынасын зерттеу туралы

6 бөлім Жазалаушылар, хатибтер, мухтасибтер және олардың істерінің нәтижелілігі туралы

7 бөлім Әміл, қази, шихне, раис істерін және басқару шарттарын зерттеу туралы

8 бөлім Шариғат пен сенім істерін зерттеу және хабардар болу туралы

9 бөлім Мушрифтер және олардың жеткіліктілігі туралы

10 бөлім Сахиб - хабарлар және патшалық істер бойынша шаралр туралы

11 бөлім Патшаның бұйрықтарына және сарайдан ғұламаларды жіберу туралы

12 бөлім Маңызды істер үшін сарайдан ғұламаларды жіберу туралы

13 бөлім Мемлекет пен халық игілігі үшін тыңшыларды жіберу шаралары туралы

14 бөлім Жеделхатшылар мен құстарды тұрақты түрде жіберу туралы

15 бөлім Мас және сергек күйде бұйрықтарға назар аудару туралы

16 бөлім Жақын вакил және оның істерінің нәтижелілігі туралы

17 бөлім Надимдер, вакилдер және олардың істерінің тәртібі туралы

18 бөлім Мемлекет басшысының ғалымдар мен данышпандардың кеңесуі туралы

19 бөлім Муфридтер, олардың қамтамасыз етілуі, жабдықталуы және істерінің тәртібі туралы

20 бөлім Патша қабылдауында асыл тастармен безендірілген қару жарак тәртібі туралы

21 бөлім Елшілер мен олардың істері туралы

22 бөлім Тоқтау орындары жем-шөп дайындау туралы

23 бөлім Әскердің мүлктік жағдайының айқындығы туралы

24 бөлім Әр түрлі әскер түрлерін қамтамасыз ету туралы

25 бөлім Сарайда әртүрлі тайпалардан келген әскер мен тұтқындағыларды ұстау туралы

26 бөлім Түрікмендердің ғұлам лауазымында, түркітерді соған ұқсас лауазымдарда ұстау туралы

27 бөлім Құлдарды қызмет кезінде қинамау және олардың істерінің тәртібі туралы

28 бөлім Жақындары мен басқаларының патша қабылдауы туралы

29 бөлім Ішімдік ішу жиналыстарының тәртібі және ережелері туралы

30 бөлім Құлдарды қызмет кезіндегі тұру тәртібі туралы

31 бөлім Әскердің қажеттіліктері мен талаптары, патша нөкерлерінің қызметі туралы

32 бөлім Жабдықтар, қару-жарак және жорықтық құралдарды ұйымдастыру туралы

33 бөлім Жоғары лауазымды тұлғаларға қателіктер мен тәртіп бұзушылықтар үшін ескерту жасау туралы

34 бөлім Сағатшылар мен қақпа күзетшілердің істері туралы

35 бөлім Патша дастарқанының жақсы ұйымдастырылуы және тәртібі туралы

36 бөлім Лайықты қызметкерлер мен құлдарда марапаттау туралы

37 бөлім Икта мукта және халық істеріне қатысты сақтық шаралары туралы

38 бөлім Мемлекет басшысының мемлекеттік істердегі байсалдылығы туралы

39 бөлім Әмір-харадж, лихтер және жазалау құралдары туралы

40 бөлім Патшаның Жаратқанның құлына мейірімділігі және әрбір істе ереже мен дәстүрді сақтау туралы

41 бөлім Лауазымдардың маңыздылығы

42 бөлім Бір адамға екі қызметті жүктемеу, бос жүргендерге қызмет беру, сенімді адамдарға лауазым беру, ал сенімсіздерден аулақ болу туралы

43 бөлім Әйелдерге қатысты, әскери шендер мен басшылардың тәртібін сақтау туралы

44 бөлім Патша мен исламға жау еретиктердің істерін анықтау туралы

45 бөлім Мездақтың пайда болуы, оның сенімі және оны Нуширван Әділдің өлтірілуі туралы

46 бөлім Нишапурдан Рейге мұсылмандарға қарсы шыққан Сумбад Тябра және оның бүлігі туралы

47 бөлім Кухистанда, Иранда және Хорасанда карматтар мен батиниттердің пайда болуы туралы

48 бөлім Хорасан мен Мауераннахр батиниттердің көтерілісі туралы

49 бөлім Қазына сақтау, ереже мен тәртіпті сақтау туралы

50 бөлім Шағымданушылардың істерін қарау, әділеттілікті жүзеге асыру туралы

51 бөлім Меншік есебін бақылау және оның тәртібі мен тәсілі туралы [4,376-378].

Әр бөлімнің басында автордың өз ой пікірлерінен бөлек, мынандай хикаялар баяндалған: Мұхаммед пайғамбардың сөздеріне қатысты-22, кейбір пайғамбарларға қатысты-4, Хулафа-и Рашидинге-7, Омейялар дәуіріне-7, Аббасилерге-9, Сафевилерге-1, Саманилерге-2, Бувейхилерге-2, Ежелгі Грекияға-1, Сасанилерге-3, Ғазнауилерге-13, діни сипаттағы көтерілістерге-11, Ұлы Селжұқтарға-6 қатысты хикаялар келтірілген. Сондай-ақ, Ежелгі Грекияға қатысты-2, Сасанилерге-3, Хулафа-и Рашидинге-2, Аббасилерге қатысты ғибрат пен насихат келтірілген.

Низам әл-Мүлік бастапқыда 39 бөлім ретінде жазған, кейіннен 11 бөлім қосылған. Ол өлімінен кейін сұлтанға табыстау үшін сұлтанның жеке кітаптарын жазған хатшы Мұхаммед Мағрибге қалдырған [2, 242].

Трактат - билеушіге арналған этикалық нұсқаулықтар, саясат жүргізуге байланысты кеңестер жиынтығы болып табылады. Онда діни білім мен әділетті бола білу қажеттілігі ерекше атап өтіледі. Низам әл-Мүлік әділеттіліктің мәнін былай түсіндіреді: ол - әлсіздерді қорғау [3,149]. Енді кітаптан үзінді келтірейік. Үшінші бөлімінде «Билеуші міндетті түрде апта сайын халықтың шағымдарын қарауы тиіс, әділетсіздікке ұшырағандарды тыңдап, зұлымдық жасағандарды жазалап, халықты тікелей өзі қабылдауы керек. Халық арасында әлемнің иесі шағымданушыларды мен арыз айтушыларды апта сайын қабылдайды деген сөз тараса, онда зұлымдар қорқып, зорлық-зомбылық тоқтайды, ешкімнің әділетсіздікке баруға батылы жетпейді». Ол халықпен билеушінің тікелей байланысқанда ел арасында әділет орнайды дейді [4,16].

Низам әл-Мүліктің пікірі бойынша патша маңызды шешімдерді қабылдаудан алдын сарайдағы ғалымдар мен данышпандардан кеңесуі қажеттілігін жазады. Трактаттың 18 бөлімінде: «Билеуші қандай да бір іске кірісер алдында немесе маңызды шешім қабылдауы қажет болғанда, ол міндетті түрде ғалым мен данышпандардан, жақын адамдардан кеңесуі тиіс. Әркім өз пікірін, қажетті деп санаған ұсынысын айтуы керек, билеуші пікірлерін тыңдап, ортақ шешім қабылдайды. Шешім мен тәртіп, көрегендік- барлық ақыл иелері бір пікірге келгенде ғана пайда болады. Кеңесуден бас тарту-ақылсыздықтың белгісі» - бұл үзінді кеңес арқылы басқару принципін көрсетеді. Ол билеушінің дара шешім емес, бірлескен ақылмен әрекет ету керектігін насихаттайды [4,98].

Қызметті лайықты адамға беру туралы былай дейді: «Бір адамға екі істі жүктемеу керек. Бұл немқұрайлық пен әділетсіздікке келеді. Лауазымдарды иманы берік, мінезі көркем адамдарға ғана тапсырылуы тиіс». Низам әл-Мүлік мемлекеттік басқаруда жауапкершілік пен әділеттілікті сақтау үшін қызметті лайықты адамдарға беруді маңызын көрсетеді [4,161].

Ал 38 бөлімінде мемлекет басшысының мемлекеттік істерінде байсалдылығы туралы былай келтіреді: «Асығуға болмайды. Егер патша бір хабар естісе немесе бір нәрсе оған маңызды болса, сабыр сақтауы керек, шын жағдайда білмейінше және жалған мен

шындықты ажыратпайынша шешім қабылдамауы тиіс. Екі қарсылас келіп, бір бірі туралы сөйлегенде, патша қай тарапқа бейім екенін білдірілмеуі керек, өйткені егер әділ жақ патшаның өз жағына қарсы екенін сезсе, ол қорқып ойын ашық айтпауы мүмкін, ал керісінше, жалған айтушы мен әділетсіз жақ батылданып кетуі ықтимал» - деп билеушінің әділ шешім қабылдауында асықпауын айтады [4,141].

Трактаттың аудармалары. «Саясатнаме», — деп жазады профессор Б.Н. Заходер, — «бұл маңызды саяси құжат, орталық үкіметтің ыдырауына қарсы бағытталған еңбек. «Саясатнаме» орталықтандырылған мемлекет құруға шақырып, күшті мемлекеттік мекеме, армия және басқа да бақылау құралдарын жасауға үндейді».

«Саясатнаменің» ең көне нұсқалары Ұлыбритания музейінде және Берлинде сақталған. Бұл нұсқалар 1168–69 жылдары Урмия қаласында әмір-қажып Әли Жамалиддиннің бұйрығымен көшірілген. Чарльз Шеффер 1291 жылы көшірілген басқа нұсқаны пайдаланып, еңбекті француз тіліне аударып, 1893 жылы басып шығарған. 1914 жылы Калькутта қаласында еңбектің тас баспа нұсқасы да жарық көрген. Кейіннен, 1932 жылы Тегеран қаласында Ибрагим Халхалидің қатысуымен «Саясатнаме» бес нұсқа негізінде салыстырылып, басылып шығарылған.

Б. Н. Заходер Низомулмүліктің бұл еңбегін ұзақ жылдар бойы зерттеп, 1949 жылы орыс тіліне аударып, бастырып шығарды. 1960 жылы еңбек ағылшын тілінде жарық көрді.

«Саясатнаменің» тағы бір басылымы 1989 жылы Душанбеде жарық көрді. Еңбекті басып шығарған ғалым А. Девонакулов өзінің алғысөзінде еңбектің негізінен көркемдік маңызын жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан талдаған. Алайда, бұл басылым кейбір кемшіліктерден таза емес: еңбектің кейбір тараулары түсіріліп қалған.

«Саясатнаменің» 2010 жылғы өзбек тіліндегі аудармасына еңбектің 1932 жылғы Иран басылымы негіз етіп алынды. Кітаптың көпшілікке арналған басылым екенін ескере отырып, кейбір бөліктері қысқартылды және еңбек тілі өзбек тіліндегі баяндау мәнеріне жақындатылып берілді [5,10].

Сиясатнаменің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мен этика мәселелерімен байланысы. «Сиясатнаме» трактатындағы әділет, халыққа қамқорлық, рухани құндылықтарды үйлестіру мәселесі қағидалары Қазақстан мемлекеттік қызметшілердің Этикалық кодексінде бекітілген нормалармен тікелей үндеседі.

Низам әл-Мүлік әділеттілікке мемлекеттің тірегі деп атап: «Әділет болмаса, дүниеде тәртіп те болмайды, адамдар бір-бірімен келісімде өмір сүре алмайды.» - деп жазады [4,25]. Ал Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Этикалық кодексінің 5-бабында: «Мемлекеттік қызметшілер қоғам мүддесіне адалдық танытып, заңдылық пен әділеттілікті сақтауға міндетті.» - деп көрсетілген [6].

Халыққа қамқорлық туралы трактатта: «Егер билеуші халықтың мұң-мұқтажын ойлап, олардың шағымдарын тыңдап, жағдайын жеңілдетуге тырысса, елде тыныштық орнайды.» Ол билеушінің басты міндеті халықтың мұң- мұқтажын тыңдап, олардың жағдайын жақсартуға күш салу керек екенін көрсетеді [4,28]. Кодексте қоғамға қызмет ету туралы 3- бабында: «Мемлекеттік қызметтің мәні - қоғамның өмірлік қажеттіліктерін қамтамаыз ету және қоғамдық мүдделерді тиімді қанағаттандыру» - деп жазылған [6]. Сонымен қатар, трактатта рухани құндылықтардың маңызы ерекше айтылады: «Патшалық дінге сүйенеді, егер дін бұзылса патшалық та берік болмайды» [4,42]. Ал рухани және мәдени құндылықтар туралы кодекстің 10 - бабында: «Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік және басқа тілдерге, халықтың дәстүрлері мен әдет ғұрыптарына құрметпен қарауы тиіс» - деп жазылған.

«Егер билеуші тек қана қаталдықпен басқарса, халық қорқынышта өмір сүреді, ал егер рақымшылық жасаса, тәртіп бұзылады. Сондықтан жаза мен кешірімнің арасындағы теңдікті сақтау қажет» [4,63]. Бұл ой қазіргі мемлекеттік басқарудағы құқықтық нормалар мен гуманизмнің үйлесімін көрсетеді. Әділ жаза қоғамды тәртіпке шақырады, ал рақымшылық адамгершілікті сақтайды.

Кеңешілердің рөлі туралы: «Патша жалғыз өзі барлық істі шеше алмайды. Оның жанында ақылды, адал уәзірлер болуы тиіс, олар халықтың жағдайын жеткізіп дұрыс кеңес береді» [4,78]. Бұл үзіндіде билеушінің жанындағы кеңесшілердің қоғам мен билік арасындағы байланысты қамтамасыз ететінін айтады. Қазақстандағы мемлекеттік қызметшілердің Этикалық кодексінде де «қоғамдық мүдделерді тиімді қанағаттандыру үшін кәсібилік пен жауапкершілік» қағидаты бекітілген.

Низам әл-Мүліктің трактаты мен Қазақстанның қазіргі Этикалық кодексі арасында айқын сабақтастық бар: екеуіде халыққа қызмет ету арқылы қоғамдық тәртіпті нығайтуға бағытталған.

Қорытынды. Низам әл-Мүліктің «Сиясатнаме» атты трактаты – XI ғасырдағы саяси-философиялық ойдың ең көрнекті ескерткіші. Бұл еңбек тек Селжұқ мемлекетінің басқару тәжірибесін сипаттап қана қоймай, билеушілерге арналған саяси-этикалық кодекс ретінде де қызмет атқарды. Трактаттың мазмұны мен құрылымы билік пен қоғам арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Әділеттілік, кеңес, жауапкершілік, дін мен мемлекет бірлігі – еңбектің өзегін құрайтын басты ұстанымдар.

Низам әл-Мүлік әділеттілікті әлсіздерді қорғау деп түсіндіреді. Ол билеушінің халықпен тікелей байланысын, шағымдарды тыңдауын және әділетсіздікті жоюын басты міндет ретінде көрсетеді. Бұл қағида қазіргі заманғы басқару жүйелерінде де өзектілігін жоғалтпайды. Әділетсіздікке қарсы күрес – мемлекеттің тұрақтылығы мен халықтың сенімін сақтаудың негізгі шарты.

Трактаттағы тағы бір маңызды идея – кеңес арқылы басқару. Билеуші шешім қабылдаудан бұрын ғалымдар мен данышпандардың пікірін тыңдауы тиіс. Бұл ұстаным қазіргі демократиялық басқару жүйелеріндегі кеңесші органдардың, парламенттің және сарапшылардың рөлін еске түсіреді. Низам әл-Мүлік билеушінің дара шешім емес, ортақ ақылға сүйенген шешім қабылдауын насихаттайды.

«Сиясатнаме» еңбегінің тәрбиелік және идеологиялық қызметі ерекше. Ол билеушілерге ғана емес, жастарға да үлгі боларлық құндылықтарды дәріптейді. Әділеттілік, жауапкершілік, дінге құрмет, халыққа қамқорлық – бұл қағидалар бүгінгі күннің де рухани-адамгершілік негізін құрайды. Жастардың тарихи санасын қалыптастыруда трактаттың орны айрықша.

Низам әл-Мүліктің мемлекет басқарудағы тәжірибесі қазіргі Қазақстандағы мемлекеттік қызмет пен этика мәселелерімен үндеседі. Мемлекеттік басқарудағы ашықтық, әділеттілік, халықпен байланыс – бүгінгі күннің басты талаптары. Осы тұрғыдан алғанда, «Сиясатнаме» еңбегі тарихи дерек қана емес, қазіргі заманғы басқару мәдениетіне сабақ боларлық құнды мұра.

Қорытындылай келе, Низам әл-Мүліктің «Сиясатнаме» трактаты – билік пен қоғам арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ететін саяси-этикалық кодекс. Оның мазмұны мен идеялары бүгінгі күнге дейін өз маңызын сақтап келеді. Бұл еңбек жастардың рухани дамуына, тарихи санасының қалыптасуына ықпал етіп, қазіргі заманғы басқару жүйелеріне бағыт-бағдар бере алады. Сондықтан «Сиясатнаме» – өткеннің ғана емес, бүгінгі және болашақтың да құнды саяси-философиялық мұрасы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Muharrem K. Büyük Selçuklu devleti vezîri ve türk tarihînin önemli devlet adamlarından Nizâmü'l-Mülk (1018-1092). İstanbul üniversitesi. İstanbul, 2018. -53-81s
2. Mustafa Ş. Büyük Selçuklu Devleti Vezîri Nizâmü'l-Mülk'ün Siyasal, Sosyal, Dinî ve Kültürel Hayattaki Rolü (1018-1092). History Studies, 2013. -225-245 s
3. Овлягулов М., Солтанмуратов Г., Низам-ал Мульк и его культурное наследие. Международный научный журнал «Символ науки», 2025. -148-149 с
4. Сиясатнаме. Книга о правлении визиря XI столетия Низама аль-Мулька. Пер., введ. и примеч. проф. Б.Н.Заходера. Москва, 1949. -383 с

5. Сиёсатнома. Низомулмулк. Холмуродов Ш.(Ред.) Таржима ва сўзбоши Воҳид Ш., Эркинов А. Тошкент, 2010. -242 б
6. Этический кодекс государственных служащих Республики Казахстан.
<https://adilet.zan.kz/rus>

REFERENCES

1. Muharrem K. Büyük Selçuklu devleti veziri ve Türk tarihinin önemli devlet adamlarından Nizâmü'l-Mülk (1018–1092). İstanbul Üniversitesi. İstanbul, 2018. – 53–81 s.
2. Mustafa Ş. Büyük Selçuklu Devleti Vezîri Nizâmü'l-Mülk'ün Siyasal, Sosyal, Dinî ve Kültürel Hayattaki Rolü (1018–1092). History Studies, 2013. – 225–245 s.
3. Ovlyagulyev M., Soltanmuradov G. Nizam-al Mulk i ego kul'turnoe nasledie. Mezhdunarodnyy nauchnyy zhurnal «Simvol nauki», 2025. – 148–149 s.
4. Siyasatname. Kniga o pravlenii vizirya XI stoletiya Nizama al'-Mulka. Per., vved. i primech. prof. B.N. Zakhodera. Moskva, 1949. – 383 s.
5. Siyosatnoma. Nizomulmulk. Kholmurodov Sh. (Red.) Tarjima va so'zboshi Vohid Sh., Erkinov A. Toshkent, 2010. – 242 b.
6. Eticheskij kodeks gosudarstvennykh sluzhashchikh Respubliki Kazakhstan. [Elektron resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus>

Джандарбаев Ербол Ерғазыұлы

PhD докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қаласы.)
e-mail: erbol.zhandarbayev@iuth.edu.kz

НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВТЫҢ ТҮРКОЛОГИЯҒА ЖАСАҒАН ҚЫЗМЕТІ

Аннотация.

Бұл мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Нәзір Төреқұловтың саяси, мәдени және лингвистикалық қызметі қарастырылады. Оның Түркістан Республикасындағы мемлекеттік және партиялық қызметінен бастап, Мәскеуде Орталық Атқару Комитетінде атқарған жұмыстары, ұлттық тіл саясатын дамытудағы рөлі мен латын әліпбиін енгізу жұмыстары жан-жақты талданды. Мақаланы жазу барысында Нәзір Төреқұловтың «Темірқазық», «Еңбекші қазақ», «Ақ жол» басылымдарда жарияланған мақалалары, «Жат сөздері туралы» еңбегі, сонымен қатар Ресей Ғылым академиясы мұрағатындағы материалдар және съездер мен пленумдарда жасаған баяндамалары пайдаланылды.

Нәзір Төреқұлов Мәскеудегі баспа жұмыстарын ұйымдастырушылық қызметі, «Шығыс тілдерінде әдебиеттер баспасы», өзі құрған «Темірқазық» журналы сынды баспалар арқылы түркі халықтарының мәдениеті мен руханиятын дамытуға зор үлес қосқандығын көрсетеді. Сондай-ақ Нәзір Төреқұлов ұлттық тілдің сақталуы мен дамуына, халықтың сауатын ашу, білімі мен мәдени жаңғырту және лингвистикалық көзқарасын, жазу мәселелерін ғылыми негізде қарастырып, қазақ қоғамындағы рухани бостандықты үгіттеген ойлары талданды. Мақалада оның мәдени және саяси атқарған қызметіне, ұлттың өркениеттік дамуына ықпалы, латын әліпбиін көшу мәселесіндегі рөліне, түркі халықтарының тілі мен мәдениетінің тұтастығын сақтау мәселелеріне баға берілді. Нәзір Төреқұлов саяси қайраткер ғана емес, жазушы-публицист, мәдениет жаңартушы, ұлттық идеяның теоретигі және тіл реформаторы ретінде көрсетілді. Оның шығармашылығы мен еңбектері түркі халықтарының мәдени тұтастығы сақтау, ұлттық дербестікпен, білім мен ғылымды нығайту арқылы рухани жаңғырудың маңызды тарихи қадамы екендігі анықталды.

Түйін сөздер: Нәзір Төреқұлов, латын әліпбиі, түркі халықтары, баспа ісі, ұлттық тіл, тіл реформасы, ұлттық сана.

Джандарбаев Ербол Ергазыевич

PhD докторант, Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа
Ахмета Ясауи (Казахстан, город Туркестан)
e-mail: erbol.zhandarbayev@iuth.edu.kz

ВКЛАД НАЗИРА ТОРЕКУЛОВА В ТЮРКОЛОГИЮ

Аннотация.

В этой статье рассматривается политическая, культурная и лингвистическая деятельность Назира Торекулова в 20-30-е годы XX века. Его работа в Центральном Исполнительном Комитете в Москве, начиная с государственной и партийной деятельности в Республике Туркестан, роль в развитии национальной языковой политики и внедрение латинского алфавита. В ходе написания статьи использованы статьи Назира Торекулова, опубликованные в изданиях «Темирказык», «Енбекши казах», «Ак жол», труд «Жат сөздері туралы», а также материалы из архива Российской академии наук и доклады на съездах и пленумах.

Назир Торекулов через организационную деятельность московских издательств, «Издательство литературы на восточных языках», созданный им журнал «Темирказык» демонстрирует большой вклад в развитие культуры и духовности тюркских народов. Кроме того, Назир Торекулов на научной основе рассмотрел вопросы сохранения и развития национального языка, просвещения населения, образования, культурного возрождения и лингвистического мировоззрения, письменности, проанализировал идеи пропаганды духовной свободы в казахском обществе. В статье была дана оценка его культурной и политической деятельности, влиянию на цивилизационное развитие нации, роли в вопросах перехода на латиницу, сохранения целостности языка и культуры тюркских народов. Назир Торекулов был представлен не только как политический деятель, но и как писатель-публицист, культурный новатор, теоретик национальной идеи и языковой реформатор. Его творчество и труды являются важным историческим шагом духовного возрождения через сохранение культурной целостности тюркских народов, укрепление национальной самостоятельности, образования и науки.

Ключевые слова: Назир Торекулов, латинский алфавит, тюркские народы, издательское дело, национальный язык, образование, языковая реформа, национальное сознание

Dzhandarbayev E.

PhD student, International Kazakh-Turkish university named after Khoja Ahmed Yasawi
(Turkestan, Kazakhstan)
e-mail: erbol.zhandarbayev@iuth.edu.kz

NAZIR TOREKULOV'S CONTRIBUTION TO TURKOLOGY

Abstract.

This article examines the political, cultural and linguistic activities of Nazir Torekulov in the 20-30s of the twentieth century. His work in the Central Executive Committee in Moscow, starting with state and party activities in the Republic of Turkestan, the role in the development of national language policy and the introduction of the Latin alphabet. During the writing of the article, articles by Nazir Torekulov, published in the publications Temirkazyk, Enbekshi Kazakh, Ak zhol, the work Zhat sozder turaly, as well as materials from the archive of the Russian Academy of Sciences and reports at congresses and plenums, were used.

Nazir Torekulov through the organizational activities of Moscow publishing houses, the Publishing House of Literature in Eastern Languages, the Temirkazyk magazine created by him demonstrates a great contribution to the development of the culture and spirituality of the Turkic peoples. In addition, Nazir Torekulov on a scientific basis considered the issues of preserving and developing the national language, educating the population, education, cultural revival and linguistic worldview, writing, analyzed the ideas of promoting spiritual freedom in Kazakh society. The article assessed his cultural and political activities, influence on the civilizational development of the nation, role in the transition to the Latin alphabet, preservation of the integrity of the language and culture of the Turkic peoples. Nazir Torekulov was presented not only as a politician, but also as a writer-publicist, cultural innovator, theorist of a national idea and language reformer. His work and works are an important historical step of spiritual revival through the preservation of the cultural integrity of the Turkic peoples, the strengthening of national independence, education and science.

Keywords: Nazir Torekulov, Latin alphabet, Turkic peoples, publishing, national language, education, language reform, national consciousness

Kipicne

1920 жылдардың басында Түркістан Республикасындағы билік әліде толық қалыптаспағандықтан коммунистер мен орардың өкілдерінің үстемдігі басым болды. Осы тұста Түркбюро мен Түркістан Орталық Атқару Комитетінің жұмыстарын жүргізу мақсатында жергілікті ұлт өкілдерін билікке тартуға қабылданған шешімнің негізінде Нәзір Төрекұлов, Қайғысыз Атабаев сынды қайраткерлер жетекші лауазымдарға таңайындалып, ұлттық мүддені қорғауға жұмыс жасауға кірісті. Мәскеудің саяси үстемдігі сақталғандықтан ұлт мәселесі шешімін таппады. Орталық бақылау мен партиялық бақылау шынайы дербестікке жол бермегендіктен Түркістан автономиясы формалды сипатқа ие болды. Нәзір Төрекұлов Түркістан Орталық Атқару Комитетінде төрағалық қызмет атқарған жылдары құрылған жаңа өкімет пен діннің ықпалдастығын мейлінше мәмілеге келтіру жолында жұмыстар жүргізген, оның батылдығы мен көрегенділігінің айқын ірі істерінің бірі, республикада барлық ұйымдарда демалыс күнін жексенбіден жұма күніне ауыстыру ұйғарымына қол қоюы.

Нәзір Төрекұловты Түркістандағы ұлттық тілдердің тағдыры алаңдатпай тұрмады. Тұрғылықты этностардың тілдері мемлекеттік деігейге көтерілгеніне, іс қағаздардың жергілікті халықтардың тілінде жүргізілуі, ұлттардың өз тілдерінде мектептер саны мен кітап баспаларының жіне бұқаралық ақпарат құралдары қатарының өсуіне риза болды. Алайда күн санап өсіп келе жатқан Түркістан Республикасының өмірі ұзаққа созылмады, төрт жылға жуық ғана өмір сүрді. Бұған Республиканың негізгі бөлігін құраған ұлттардың саяси басшыларының өзара келіспеушіліктері мен араздастықтары себеп болды. Әр ұлттардың ірі тұлғалары дербес республика болуға, онда әр қайсысы басшы болып билік жүргізуді көздеді. Мұндай жағдай әрине Мәскеудегі одақ басшыларының шовинистік ойларына сәйкес келді. Түркістан республикасы 1922 жылдың соңында таратылды.

Мәскеуде 1922 жылдың шілде айында өткен Бүкілресейлік партия XI конференциясына Нәзір Төрекұловтың қатысуы оның мемлекеттік қайраткер ретінде және саяси беделінің жоғары екендігінің дәлелі. Конференцияға Түркістан өлкесінің делегаты ретінде шақырылуы Нәзір Төрекұлов бүкілодақтық деңгейдегі қызметінің бастауына айналған оқиға болды. Мұнда ол Мәскеу басшылығына Түркістандағы жағдайды, ұлт саясатын, жергілікті кадрларды билікке қатыстыру, мәдинет пен білімді дамыту және ұлттар тілінде баспа істерін кеңінен жүргізуді жеткізді. Осы жылы Нәзір Төрекұлов Мәскеуге шақырылып, Түркістан бюросының (Түркбюро) мүшесі болып бекітілді. Түркбюроның негізгі мақсаты – Түркістан Республикасындағы партиялық және мемлекеттік саясатты үйлестіру, орталықтың шешімдерін аймақтарға жеткізумен қатар түркі халықтарының мәселелерін шешу. Осыдан соң ол КСРО Орталық Атқару Комитетінің (ВЦИК) мүшелігіне сайланып жоғарғы мемлекеттік басқару құрылымына енді. Сол кезеңдегі қазақ зиялыларынан Мәскеуде қызмет атқарған санаулы тұлғалардың бірі ол Нәзір Төрекұлов.

КСРО Шығыс Халықтары Орталық Баспасын (Центриздат Народов Востока) 1922 – 1928 жылдары басқарып, төрағалық қызмет атқарған кезеңде бүкіл Кеңес Одағы халықтарына арналған көптілді әдебиеттердің басылып шығуына жетекшілік жасады. Осында баспа ісін орталықтандырып, түркі тілдерінде оқулықтар, кітаптар, газет-журналдар шығуына баса назар аударды.

Өзектілік. Нәзір Төрекұловтың осы тұста ұлттық мәдениет пен тілді дамыту мәселелері және баспа ісін ұйымдастыру мен латын әліпбиін енгізу, ұлттық тіл саясатын қалыптастырудағы қызметі түркі тілдес халықтардың тілдік, мәдени және білім беру реформаларының бастауы екенін көрсетеді. Мақалада оның мәдени және саяси қызметін, ғылыми еңбектерін және публицистикалық шығармаларына салыстырмалы талдау жасау арқылы ұлттық сана, рухани және мәдени бірліктің мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі кездегі мәдени даму, білім беру мен ақпараттық кеңістік мәселелері, тіл саясаты қоғамда өзекті болғандықтан Нәзір Төрекұловтың идеялары мен тәжірибесі ғылыми, практикалық, тарихи жағынан мағыздылығын сақтайды. Оның қызметі мен шығармашылығы тек қазақ

халқының ғана емес бүкіл түркі халықтарының мәдени, саяси және тілдік жаңғыру процесін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Мақсаты. XX ғасырдың 20 – 30 жылдарында Нәзір Төреқұловтың мәдени, лингвистикалық және саяси қызметтерін талдау арқылы оның түркі тілдес халықтардың мәдениетін, тілін және рухани дамуын жаңғыртудағы рөлін айқындау, сондай-ақ мақалада оның баспа ісін кеңінен жандандыруы мен публицистикалық шығармалар арқылы ұлттық сана мен мәдени тұтастықты нығайтуда, латын әліпбиін енгізуде, ұлттық тіл саясатын орнықтыруда тарихи маңыздылығын көрсетуге бағытталған. Мақала қазіргі кезеңдегі білім беру реформаларын, мәдени және тілдік саясатты түсінуде тарихи контекст ретінде бағалауға мүмкіндік береді. **Міндеттері.** Нәзір Төреқұловтың Мәскеудегі мемлекеттік және партиялық қызметін талдау. Оның баспа ісін жүргізудегі қызметін, «Темірқазық» журналы мен «Шығыс тілдерінде әдебиеттер баспасын» құруыдығы рөлін зерттеу. Нәзір Төреқұловтың латын әліпбиен енгізу мен ұлттық тіл саясатын дамытудағы көзқарастары мен ұсыныстарын қарастыру. Оның публицистикалық және ғылыми еңбектері арқылы ұлттық сана, тіл мен мәдениет мәселелерін талдау. Түркі тілдес халықтардың мәдени және рухани бірліктерін, білімдерін дамытудағы рөлін айқындау.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Нәзір Төреқұлов мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, публицист, түрколог-ғалым. XX ғасырдың басы түркі халықтарының тарихы үшін айрықша орын алады. Осы кезде патшалық империяның ыдырап, құлап жіне кеңестік биліктің орнығып, ұлттық мәдениет және тіл саясатына елеулі өзгерістер жасады. Түркі халықтардың әдебиеті, жазуы, оқу ағарту жүйесінің жаңа кезеңінің бастауы болды. Осы тұста Нәзір Төреқұловтың жасаған қызметі мен атқарған жұмыстарының маңыздылығы өте жоғары бағаланды. Мақаланы жазу барысында мұрағаттық пен баспасөздік деректерді пайдалана отырып Нәзір Төреқұловтың «Темірқазық», «Еңбекші қазақ», «Ақ жол» сияқты мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары мен архивтік материалдар негізге алынды. Сонымен қатар 1926 жылы жарық көрген «Жат сөздер туралы» еңбегі, латын әліпбиіне арналған баяндамалары дереккөз ретінде қаралды. Ол латын графикасын қолдауда түркі халықтарының бірігуін, ұлттық мәдениеттің жаңғыртудың және жаһандық өркениетке ілесудің негізі екенін білді. Ол тек саяси қайраткер ғана емес мәдениетті жаңғыртушы және тіл реформаторы ретінде тарихта аты қалды.

Нәзір Төреқұловтың жазған мақалалары мен жасаған баяндамаларының негізгі ұстанымы мен тұжырымы тіл, мәдениет пен ұлттық сана мәселелерін қозғады. Тілдің терминологиялық өзгешеліктері мен публицистикалық стильдік элементтері талданып, оның идеологиялық бағыты мен ойлау жүйесі қарастырылды. Исмайл Гаспаралы, Садриддин Айни және Ахмет Байтұрсынұлы сынды тұлғалардың көзқарастарымен саластырғанда Нәзір Төреқұловтың ұстанымның өзгешелігі мен жаңашылдығы анықталды. Осы әдіс арқылы оның тіл мен мәдени реформаға қосқан үлесі түркі халықтарының ортақ үрдістарімен салыстырмалы түрде талданды. Мақалада Нәзір Төреқұловтың латын әліпбиін енгізу, мәдениетті дамыту, ұлттық тіл мен рухани еркіндік ойларының теориялық атары мен идеологиялық мәні анықталды. Ол «тіл – ұлттық рух» деген ойы мен жаһандық даму тұжырымдары қазіргі заманмен байланыстырылып қарастырылды.

Басты дерек ретінде Ыбырай қажы Исмайл мен Сәрсенбек Сахабаттың құрастыруымен Алматы «Ел шежіре» баспасынан 2007 жылы жарыққа шыққан Нәзір Төреқұловтың «Көп томдық шығармалар жинағы» алынды. Мұнда Нәзір Төреқұловтың өз еңбектері мен мақалалары: Темірқазық журналы 1923 жылы №1 санында жарияланған «Күншығыс баспа сөзі басқармасынан» мақаласы, 1926 жылы баспадан шыққан «Жат сөздер туралы» атты еңбегі, «Еңбекші қазақ» газетінде 1924 жылы №223 санында жарияланған «Қазақ съезінде латын қарпі», «Ақ жол» газетінің 1924 жылы №465 – 466 сандарында «Біз не дедік» мақаласы жарыққа шыққан, «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылы №206 санында жарияланған «Латын әрпін алу тартысының жаңа бет аласы» мақалалары қаралды. Ғылыми және

мұрағаттық дереккөздер ретінде Нәзір Төреқұловтың 1926 жылы Баку съезінде, 1928 жылы Ташкент пленумнан кеңестік кезеңдегі тіл реформасы мен ұлттық саясатқа қатысты құжаттар мен съезд материалдары, 1927 жылы жасалған «Түркі халықтары үшін латын әліпбиінің мәселесі» атты баяндамасының стенограммасы қарастырылды. Жоғарыда аталған әдістер мен материалдар Нәзір Төреқұловтың түркі мәдени кеңістігіндегі орны мен тарихи маңыздылығын, тұғалық болмысын жан-жақты әрі терең зерттеуге мүмкіндік береді [1].

Талдау мен нәтижелер

Нәзір Төреқұлов Мәскеудегі қызметі барысында түркі халықтарының мәдени мұралары зерттеу мен оларды аударуға жұмыс жасады. Мәскеуде оның бастамасымен «Шығыс тілдерінде әдебиеттер» баспасы құрылып түркі тілдес халықтардың тіліндерінде (қазақ, өзбек, татар, башқұрт) еңбектер жарық көрді. КСРО Орталық Атқару Комитетіне (ЦИК) мүшелікке сайланғаннан соң кеңес одағының мемлекеттік басқару құрылымына енді. Мәскеудегі қызметі Нәзір Төреқұловты тіл саясаты мен латын әліпбиіне көшу мәселесімен белсене айналысуға мүмкіндік берді. Онда «Күншығыс халықтарының Орталық баспасында» бас редактор қызметін атқарып, түркі халықтарының мақал-мәтелдері мен жұмбақтарын жинақтап бастырды. Қазақ, башқұрт, өзбек, татар зиялыларын баспа ісіне тартып ұлттық әдебиеттің өркендеуіне жағдай жасады. Ол барлық одақтық деңгейде баспа жұмыстарын ұйымдастырып қана қоймай ұлт тілдері мен жазуларын жүйелеудің ғылыми және практикалық тұрғысынан негіздеген мәдени реформатор ретінде танылды.

Ұлт істері халық комиссариаты жанынан 1922 жылы желтоқсан айында құралған Шығыс Орталық баспасы – Кеңес өкіметі тұсындағы ұлт саясатының негізгі мәдени тетігіне айналды. Шығыс Орталық баспасын ұйымдастырумен қатар басқаруда Нәзір Төреқұлов шешімі рөл атқарды. Баспаның жұмыстарын жүргізу арқылы орыс емес халықтардың оқулықтары мен кітаптарын шығаруды жүйелеп, ұлттық мәдениетті дамытудың маңызды құралын жасады. Бұл қызмет Нәзір Төреқұловтың әкімшілік басшы немесе мықты саясаткер ғана емес, ғылыми ой мен тәжірибені ұштастырған шығармашыл тұлға болғанын көрсетеді. Ол көп тілді меңгерген ғалым ретінде – әртүрлі ұлт тілдерінің ерекшелігін ескеріп, барлығына ортақ лингвистикалық және баспагерлік саясатының негізінің қалыптасуына мүмкіндік жасады [2, 117].

Түркі халықтарының рухани өміріне ықпал еткен зиялы қайраткер ол Нәзір Төреқұлов. Түркі тілдерінде жарияланған еңбектерге редакторлық жасап, әдеби шығармаларға кіріспе жазыған ол сол дәуірдің ғылыми ой-өрісі мен баспа мәдениетінің қалыптасуына елеулі үлес қосты. Оның Садраддин Айнидің «Бұқар революционерлері» атты еңбегіне жазған алғы сөзі де түркі халықтарының әдеби сабақтастығын тереңдетті. 1923 жылы Темірқазық журналы Нәзір Төреқұловтың бастамасын жарық көрді. Журнал қазақ әдебиетінде сын жанрының дамуын мақсат етті. Сәбит Мұқановтың айтуынша, оның сын мақалалары қазақ әдебиетіндегі алғашқы кәсіби сын үлгілері болды.

«Темірқазық» журналының №1 санында Нәзір Төреқұловтың «Күншығыс баспасөз басқармасынан» атты мақаласында ұлттың жаңғыруы мен дамуында, білім мен өнердің маңыздылығын айқындап көрсетеді. Халықтардың дербестігі мен теңдігі саяси ұрандармен емес алдымен білімнің, мәдениеттің, ұлт санасы деңгейінің көтерілуімен іс жүзеге асатындығын анықтайды. Ол қоғамдағы кемшіліктерді нақтылай отырып, Күншығыс елдерінің надандығын, білімсіздігін, әлсіз баспасөзі мен рухани тоқырау қауіптілігін сын көзбен бағалайды. Оның ойынша саяси автономия алу халықтың дамуы үшін жеткіліксіз – рухани және интеллектуалды кемелдену арқылы нағыз тәуелсіздікке жетеге болатындығы. Осы ойы баспасөздің ерекше маңыздылығын жеткізеді. «Темірқазық» журналының шығуы қоғамға ой салу, елдегі кемшіліктерді көрсетумен халықты мәдени, рухани жаңғыруға шақыру болды. Нәзір Төреқұловтың ойынша, әдебиет пен баспасөз – халықтың айнасы, ал елді алға жетелейтін күш – сауатты, оқыған, саналы азаматтар. Оның бұл еңбегі 1920 жылдарындағы бүкіл түркі қоғамының әлеуметтік саяси дамуына, ұлттық сананың қалыптасуынан арналған ағартушылыққа насихаттайтын мақала болды [3, 27].

Баспа ісіндегі ұйымдастырушылық қызметі Нәзір Төреқұловты тіл мен жазу реформасының алқынғы қатарлы қайраткерлерінің біріне айналдырды. Түркі халықтарының сауатын ашып, арттыруда, мәдениет пен білімді дамытуда, жаңа әліпбиді енгізу жұмыстарында айрықша қолдады. 1920 жылдары өткен талқылаулар мен съездер – ұлттық жазуды жаңғыртуда, түркі халықтарының мәдениеті мен рухани кеңістікке біріктірудің тарихи кезеңі болды. «Еңбекші қазақ» газеттеріндегі мақалаларында сипаттағандай – тек әліпбиді ауыстыру ғана емес халықтың ана тіліндегі білімі мен ой бостандығын қалыптастыра отырып рухани жаңғыруға жол бастау.

Тіл – Халық рухының өзегі, ұлттың жаны, мемлекеттің тірегі. Бұл Нәзір Төреқұловтың саяси қызметінің қағидасы мен өмірлік ұстанымдарын нақтылай түседі. Тіл мен діл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық болмысты сақтауда негізгі күш деп білді. Ол «әр халықтың өз феномендік жүйесі, өз жазуы бар» деген ой түйуі – ұлттық тіл саясатының саяси әрі ғылыми тұрғыдағы терең ой тұжырымы. Осы көзқарасы Исмаил Гаспаралының ұсынған «барлық түркі халықтары ортақ бір әліпбиде сөйлесін» деген идеясына қарсы болғанымен, ол түркі халықтарының рухани еркіндігін, тілдік ерекшелігін сақтауды мақсат етті. XX ғасырдың алғашқы ширегінде кеңестік билік түркі тілдес халықтардың бірлігінен қауіптеніп, әдейі жеке-жеке республикаларға бөліп, тілдік тұтастықты ыдыратуға тырысты. Осылай Тәжікстанның 1924 жылы Өзбекстанның құрамында автономия ретінде болуы, 1929 жылы бөлініп шығуы тіл мен ділдің саяси шешімдердегі негізгі рөл атқаратындығын дәлелдейді. Тілі бөлек халықтың тағдыры да бөлек болатындығын тарихи тұрғыдан көрсетті [4, 222].

Нәзір Төреқұловтың ұлтқа деген адалдығы мен түркі әлемінің руханиятына жанашырлығы – оны саяси қайраткер ғана емес ұлттық идеологияның бастамашысы дәрежесіне көтерді. Түркі халықтарының геосаяси тұтастығын қолдаған ол, түркі тілдес халықтардың мәдени дербестігі мен тілдік ерекшелігін сақтауды басты мақсат етті. Нәзір Төреқұловтың көзқарасы қазіргі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтпай: тіліне айрылған ұлт – болмысынан айрылған ұлт деген ойды қозғайды. Ұлттық мемлекеттің іргесінің босауы тіл мен ділдің бірлігінің болмауында, ұлттық тіл - мемлекеттіліктің іргесі, рухани еркіндіктің негізі деп тұжырым жасайды.

Нәзір Төреқұловты – әдебиет сыншысы, ғалым, тіл жанашыры және саяси ойшыл ретінде, көпқырлы тұлғалығын ашып көрсетеді. 1924 жылы Мәскеуде қазақ жастарының жиынында Нәзір Төреқұлов Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы бойынша баяндама жасап, оны талдап, өз көзқарасын білдіреді. Ол өмірден әдебиетті, саясаттан әдебиетті бөліп қарастытуға болмайтындығын айқындап, «саясатсыз әдебиет болмайды» деген түйінге тоқталады. Бұл сол кезеңдердегі идеологиялық жағдайды дұрыс бағамдай алып, әдебиетті қоғам дамуының негізі ретінде көргенін білдіреді. Ол жастарды саяси ұрандарға ермей, сынып тұрғыдан ойлауды насихаттаған. Нәзір Төреқұловтың лингвистикалық көзқарасын айқындайтын қыры, тіл мәселесіне арнаған ғылыми еңбегі ол 1926 жылы жарыққа шыққан «Жат сөздер туралы» кітабы. Мұнда қазақ тілінің өркендеуіндегі кірме сөздерді ғылыми тұрғыдан қарастырып жаңа терминдерді қосу мен бейімдеудің нақты жолдарын ұсынған. Ол осы еңбегі арқылы сыртқы ықпалдан тілді оқшауламай, керісінше заманына сай байытып, жетілдіре түсі керек деген жаңашыл бағытты көрсетеді. Нәзір Төреқұлов тіл мен ғылымның дамуы өз ара байланысты екендігін түсініп, қазақ тілін ғылым мен техника тіліне ұштастыруды ойға алған және көтерген алғашқы тұлғала. Оның «тілге мәдениеттер ықпал етеді, бірақ – сол ықпалды дұрыс игере білу» деген ойы – бүгінгі күнде тіл саясаты үшін де өте өзекті [5, 20-21]

1924 жылыдың 2 маусымында «Еңбекші қазақ» газетінің №223 санында «Қазақ съезінде латын қарпі» атты мақаласында қазақ зиялылығының Орынбор қаласында өткен съезде латын әліпбиіне көшу мәселесін талқылағандықтары баяндалады. Съезд барысында араб графикасын жақтап, оның қазақ тіліне бейімділігі мен үйренуге ыңғайлы екенін Ахмет Байтұрсынұлы айтып қорғаған болса, Нәзір Төреқұлов латын әріпінің баспа жқмысында, үнем мен техника жағынан қолайлылығын көрсеткен. Бұл талас қызу талқыланып, басым

дауыспен латын әліпбиін жақтаушылар жағына шешіліп, Қазақ оқу комиссариатына қарауына жіберіледі. Бұл – қазақ жазуының жаңа бетбұрыс кезеңі, ұлттың мәдени және техникалық жаңару жолындағы қиын таңдау екендігін айғақтайды. Мұндағы пікірлер мен талас тартыстар қазақ зиялы өкілдерінің өркениеттік бағытта терең ойлары мен ұлттың болашағына, әліпбидің ұлттық сана мен өркениет арасындағы байланысын нақтылып берді.

1924 жылы тамыз айының басында «Ақ жол» газетінің №465-466 сандарында жарияланған «Біз не дедік» атты мақаласында латын әліпбиіне көшудің төрт негізін ұсынады.

1. Экономикалық тиімділік: Газетерге араб әріптерін басу үшін 15 пұт әріп керек болса, латын әріптерінен бар болғаны 2-2,5 пұт жететіндігін нақты дәлелдермен көрсетеді. Әріптерді теру барысындағы айырмашылықтарды айқындап – араб әріпін теруші үш мың әріп терсе, латын әріптерімен жұмыс жасаушы жеті мың бес жүз әріп тере алады. Осылай баспа ісін арзандатып, баспа өнімін халыққа қол жетімді етудің нақты жолын көрсетеді. **2. Әкімшілік және техникалық артықшылығы:** Кеңсе мен телеграф ісін жеңілдету, қазақ тіліне жазу машинкасын бейімдеу, Еуропаның баспа техникасын пайдаланудың тиімді мүмкіндігі. Ол латын әліпбиі – техникалық ықпалдасу мен заманауи мемлекеттік басқарудың кілті екендігін анықтап береді. **3. Педагогикалық және мәдени пайда:** Жаңа әліпбиді пайдалану арқылы Кеңестік Қазақстандағы жаппай сауат ашу саясатын жүргізіп, оқу – жазу ісінің жеңілдейтіндігін, сауат ашу жұмыстары жылдам жүретіндігін айтады. **4. Халықаралық тәжірибе:** Түркия елі мен Әзірбайжан, Татар, Башқұрт халықтарының латын әліпбиіне бет бұрғандарына мысал келтіре отырып, қазақ қоғамының олардан қалмауын көздеп дәлелдейді.

Нәзір Төреқұлов бұл реформаны кезең-кезеңімен жүргізуді ұсынады. 5-10 бет латын әліпбиімен жазылған мәтіндерді бастауыш сынып оқулықтарының соңына қосуды, басылымдарды аралас әріптермен шығарып 20-30 жыл көлемінде бірте-бірте жаңа жазуға көшу тиімді екендігін ойлады. Мұның идеялық негізі – ұлттық жаңғыру мен мәдени өркендеуге үндеді. Ол, «Білім иелері! Оқытушылар! Жастар! Жаңа әліпбиді ойланып, тексеріп, қарап көріңіздер!» - деп қазақ қоғамын, зиялы қауымда, жастарды ғылым мен білім жолына, еркін ойлауға, жаңашылдыққа шақырды. Нәзір Төреқұловтың бұл еңбегі латын әліпбиін насихаттап қана қоймай, ұлт санасы мен өркениет арасындағы байланысты ашқан стратегиялық тұжырымдық ойы болды. Қазақ халқының ескі жүйеден арылып, білім мен техникаға негізделген жаңа мәдени өркениетке шығуға шақырады [6, 378-380].

1927 жылы 8 қыркүйекте «Еңбекші қазақ» газетінің №206 санында «Латын әрпін алу тартысының жаңа бет аласы» атты мақаласында Нәзір Төреқұлов қазақ қоғамының латын әліпбиін қабылдауы жаңа кезеңге бет бұру мәселесі баяндалады. Баяғыдай латын әрпіне қарсы пікірталастар мен ескі ұстанымдар бәсеңдеп, мәдени жаңғыру мен кеңестік идеологияның басымдыққа ие бола бастағанын көрсетеді. Ол латын әліпбиіне көшу – уақыттың талабы екендігін, мәдениет пен техниканың дамуының кепілі деп түсіндіреді. Ал араб графикасын қолдайтындар «ескіліктен шыға алмай қалғандар» ретінде сыналды, латынды әліпбиін жақтаушылар ұлттың сауатын ашу, баспа жұмысын оңайлату және түркі халықтарының мәдени тұтастығын күшейтудің құралы ретінде қарастырылды. Мағаладағы түпкі түйін – латын әліпбиі ұлттың дамуының жаңа асуы, қазақтың білімі жүйесі мен мәдениетін заман талабына сай жаңғыртудың тарихи қадам болуында [7, 82-84].

Шығыс баспасындағы қызметінің алғашқы күнінен-ақ Нәзір Төреқұлов әліпби мәселесіне ерекше ықылыс қойды. Түркі халықтарының жазу жүйесін жетілдіру саяси және мәдени жағынан өте маңызды жұмыс деп білді. 1927 жылы 12 қарашада «Түркі халықтары үшін латын әліпбиінің мәселесі» атты баяндама стенограммасы (Ресей Ғылым Академиясының мұрағатында сақталған) – жоғарыдағы айтылған мәселелермен айналысуы ғылыми, әрі ұйымдастырушылық қызметінің дәлелі. Осы баяндамаға белгілі лингвистер Диманштейн, Васинин, Леонтьев, Шимаев және Мамедов талқылау жасап, латын графикасының түркі тілдеріне бейімделу өзгешелірі мен техникалық артықшылықтарын қарастырған [8, 65-77].

Латын әліпбиіне көші Нәзір Төреқұловтың пікірінше – жазу таңбасын өзгерту ғана емес түркі халықтарының ғылыми дамуы мен баспа ісін жеңілдетудің және мәдени тұтастығын сақтаудың жолы. Ол латын әліпбиін енгізу теориясын жасаумен қатар оны іске асыруында да белсенді жұмыстар жасады. 1926 жылы Бакудегі жалпы түріктік съезден соң жаңа түркі әліпбиі жөнінде кеңінен талқыланып, түркі халықтары орналасқан аймақтарда жетілдіріле түсті. Мұның жалғасы ретінде Ташкентте 1928 жылдың 8-13 қаңтар аралығында Орталық Комитеттің Бүкілодақтық екінші пленумы болды. Нәзір Төреқұлов бұл пленумға қатысқан, өз көзқарасын айтып, ұсыныстарын білдірді. Кейін Мәскеуде Кеіес Одағының Шығыстанушылар ғылыми одағының мүшесі ретінде пленумның нәтижесіне қорытынды жасап, латын әліпбиін енгізудің мәдени маңыздылығы мен ғылыми негіздерін баяндайды. Осы тұста Нәзір Төреқұловтың бастамасымен және өзінің қатысуымен Қазақстан, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ және Түркістанда латын әліпбиіне көшу мәселесі жөнінде ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен курстар ұйымдастырылып жұмыстар жасалды. Оның жасаған еңбектері түркі халықтарының жазу мәдениетінің өркендеуіне бастаға тарихи құбылыс болды [9, 318-319].

Нәзір Төреқұлов тарихи, саяси және мәдени тұрғысынан латын әліпбиіне көшу қозғалысының маңыздылығын көрсетті. Ол жазу реформасын өркениеттік талдау мен ұлттық идея тұрғысынан қарастырып, түркі халықтарының болашағына тікелей әсер ететін мәселе екендігін түсінген тұлға.

Бұлай детініміз: **Біріншіден.** Ол латын әліпбиіне көшу жай тілдік реформа ғана емес, мәдени бағыт пен ұлттық сананы өзгертетін фактор деп қабылдады. Ахмет Байтұрсынұлының араб графикасын реформалауына жоғары баға бергенімен, ол латын әліпбиінің ғылыми, техникалық және коммуникациялық артықшылықтарын айқындай білді, бұл оның жаңа көзқарасты ойшыл екендігін көрсетеді. **Екіншіден.** Нәзір Төреқұлов таза саяси ұраннан гөрі практикалық және ғылыми-теориялық негізге жүгінген. Латын әліпбиіне көшу реформасын техникалық прогрес – телеграф, жазу машиналары мен баспа жұмыстары сияқты жаңа құралдармен байланыстыра отырып, түркі халықтарының мәдени тұтастққа, бір кеңістікте болу идеясын ұсынады. Мұнда ол ғылыми бағыттағы интеграциялық ұстанымды анық білдіреді. **Үшіншіден.** Нәзір Төреқұлов араб пен латын жазуларының түпкі негізі бір екенін айқындап «шығыс пен батыс әліпбиінің – рухани тұрғыдан туыс» екендігі жайында тың ой білдіреді. Оның бұл ойы тарих пен мәдениетті бойына сіңіріп, меңгерген білімін өркениеттер арасына байланыс орнатуға деген ұмтылысын аңғартады. Сондай-ақ Нәзір Төреқұловтың Ахмет Байтұрсынұлын құрметтейтіндігін, бірақ оған қарамастан пікірталас кезінде өзінің ұстанымын қорғап негіздегенін көрсетеді. Бұл оның зиялылық дәрежесі мен тұлғалық мәдениеттілігін және түрлі көзқарастар мен пікірлерге деген төзімділігін дәлелдейді. Нәзір Төреқұловтың түркі халықтарының жазуын біріздендіру мәселесіне қатысты сынын ерекше назар аудару қажет. Ол жазудың бірегейлігін идеологиялық тұрғыдан емес, халықтардың тілдік және мәдени бір-бірімен түсіністікке негізделу керектігін ұсынды. Оның мұнда кеңестік саясаттың үстірт шешімдеріне қарсы ғылыми негізделген ойы мен ұстанымдары нақты байқалады. Соңы 1929 жылы латын әліпбиінің ресми идеологиялық құралға айналу шешімі – реформа мәнінің бұрмаланғандығы, мұнда Нәзір Төреқұлов үшін реформа түркі халықтарының мәдени жаңғыру құралы ретінде болса, орталық билік мұны саяси науқандық құрал түрінде пайдаланды [10, 73].

Қорытынды

XX ғасырдың басында түркі халықтарының мәдени және рухани өркендеуіне елеулі үлес қосқан Нәзір Төреқұлов тек саяси қайраткер немесе дипломат ғана емес, ол ағартушы, ойшыл және ғалым, түркі халықтарының мәдениеті мен тіл және жазуына қатысты реформаларды жүзеге асырушы. Ол қызмет атқарған Шығыс Орталық баспасы – кеңес үкіметінің билігі тұсында баспа жұмысын жүйелеудің және ұлттық мәдениеттерді дамытудың алғашқы үлгісін жасаушы тұлға. Осы қызметі арқылы түркі халықтарының

тілдеріндегі кітаптар жарыққа шығарылды, ұлттық әдебиеттің дамуы мен халықтың сауаттылық деңгейін арттыруға зор ықпал жасады.

Латын әліпбиіне көшу мәселелері жайында Нәзір Төрекұловтың көзқарастары заманауи, озық ғылыми-практикалық ойлармен бірігіп, мәдени кеңістік құрудағы түркі халықтарының ортақ тарихи кезеңін нақтылайды. Латын әліпбиі реформасын ол мәдени және өркениеттік дамудың қажетті әрі маңызды бағыты деп түсінді.

Нәзір Төрекұловтың еңбектері қазіргі кезге дейін өзекті болып келеді. Оның мәдениет, баспасөз және тіл мәселелеріндегі ойы – жаһандану кезеңінде рухани еркіндікті нығайтуда ұлттық болмысты сақтап қалудың маңыздылығын түсіндіреді. Сондықтан оның түркологиядағы қызметін зерттеу – Қазақстан мен жалпы түркі халықтарының мәдени-рухани тарихын, ағартушылық қозғалысы мен тілдік саясатын түсінудің ғылыми негіздерінің бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нәзір Төрекұлов «Көп томдық шығармалар жинағы» 1 том. Алматы «Ел шежіре» 2007. - 272 б.
2. Тұрсұн Х.М., Батырбекқызы Г. Нәзір Төрекұлов: қоғамдық-саяси қызметі (Түркістандық және мәскеулік кезеңдері). Монография. –Шымкент «АЗИАТ» баспасы. 2017. - 212 б.
3. Нәзір Төрекұлов «Көп томдық шығармалар жинағы» 1 том. Алматы «Ел шежіре» 2007. - 272 б.
4. Сәрсен Бек Сахабат. НӘЗІР ӘЛЕМІ. МІР НАЗІРА ТӨРЕКУЛОВА. Алматы: Үш Қиян", 2020. -266 б.
5. Қожакеев Т. Нәзір – Публицист. «Аңыз адам» журналы №16 (172) тамыз 2017. - 20-21б.
6. Назір Төрекұлұлы. Тандалмалы мақалалары мен архив құжаттары жинағы. Назір Төрекұлұлы (Тюрякулов). Сборник избранных статей и архивных материалов». Құрастырғандар: т. г. д., проф. Х.М. Турсун, PhD Г. Батырбекқызы. Нур-Султан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2020. - Қазақша, орысша, - 402 б.
7. Нәзір Төрекұлов «Көп томдық шығармалар жинағы» 1 том. Алматы «Ел шежіре» 2007. - 272 б.
8. Тұрсұн Х.М., Батырбекқызы Г. «СУЩНОСТЬ ЭТОЙ ПРОБЛЕМЫ ОЧЕНЬ ВАЖНА ДЛЯ НАШЕЙ СТРАНЫ» Тюркология, № 5, 2017. -65-77 б.
9. Нәзір Төрекұлов дипломат. (Шығармалар). Нәзір қорының шығармашылық мүшелері Ы. Ысмайылұлы Ы. - Алматы: Қазақстан баспасы., 1997. -336 б.
10. Нәзір Төрекұлов «Көп томдық шығармалар жинағы» 1 том. Алматы «Ел шежіре» 2007 - 272 б.

REFERENCES

1. Näzir Töreulov «Köp tomdıq şıǵarmalar jınaǵı» 1 tom. Almatı «El şeǵire» 2007. -272 b.
2. Tursun X.M., Batırbekqızı G. Näzir Töreulov: qoǵamdıq-sayası qızmeti (Türkistandıq jäne mäskewlik kezeñderi). Monografiya. –Şımkent «AZİAT» baspası. 2017. - 212 b.
3. Näzir Töreulov «Köp tomdıq şıǵarmalar jınaǵı» 1 tom. Almatı «El şeǵire» 2007. -272 b.
4. Särsen Bek Saxabat. NÄZİR ÄLEMI. MİR NAZİRA TOREKWLOVA. Almatı: Üş Qıyan", 2020. -266 b.
5. Qojakeev T. Näzir – Pwblicist. «Añız adam» jwrnalı №16 (172) tamız 2017. -20-21 b.
6. Nazir Töreululı. Tandamalı maqalaları men arxiv qujattarı jınaǵı. Nazir Torekwulwı (Tyuryakwlov). Sbornik izbrannıx statey i arxivnix materıalov». Qurastrırǵandar: t. g. d., prof. X.M. Twrswın, PhD G. Batırbekkızı. Nwr-Swltan: «Alaşorda» Qoǵamdıq qorı, 2020. - Qazaqşa, orısşa, - 402 b.
7. Näzir Töreulov «Köp tomdıq şıǵarmalar jınaǵı» 1 tom. Almatı «El şeǵire» 2007. -272 b.
8. Tursun X.M., Batırbekqızı G. «SWŞÇNOST ÉTOY PROBLEMI OÇEN VAJNA DLYa NAŞEY STRANI» Tyurkologiya, № 5, 2017. -65-77 b.

9. Nāzir Töreқulov dīplomat. (Şığarmalar). Nāzir qorınıñ şığarmaşılıq müşeleri I. Ismayılulı I. - Almatı: Qazaqstan baspası., 1997. -336 b.
10. Nāzir Töreқulov «Köp tomdıq şığarmalar jınağı» 1 tom. Almatı «El şejire» 2007. - 272 b.

Қуанышбек Гульмира Еламанқызы

«Өрлеу» БАҰО» АҚ Түркістан облысы бойынша кәсіби даму институты» филиалының аға оқытушысы, Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ- түрік университетінің докторанты.

(Түркістан, Қазақстан) e-mail: gulmira.kuanyshbek@ayu.edu.kz

КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ ТАРИХИ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПОРТРЕТІН ЖАСАУ НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГТІҢ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТІН ДАМУ

Аңдатпа.

Мақалада педагогтің зерттеу құзыретін дамыту мәселесі Кенесары ханның тарихи-психологиялық портретін жасау арқылы жан-жақты талданады. Автор тарихи тұлғаның психологиялық бейнесін педагогикалық зерттеу әдісі ретінде қарастырып, мұғалімнің зерттеушілік іс-әрекетін жетілдірудің теориялық және практикалық аспектілерін айқындайды. Зерттеу барысында Кенесары ханның тұлғалық қасиеттері, көшбасшылық қабілеті, ел тәуелсіздігі жолындағы күресі және сол кезеңнің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері талдана отырып, тарихи-психологиялық бейне жасау әдісінің педагогикалық әлеуеті ашылады. Бұл тәсіл мұғалімнің аналитикалық, рефлексиялық және креативтік қабілеттерін дамытуға, ғылыми ойлау мен зерттеу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік беретіні көрсетіледі. Мұндай әдіс мұғалімнің деректерді талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілеттерін арттырып, шығармашылық ізденісін күшейтеді. Сонымен қатар, тарихи-психологиялық талдау педагогке оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қабілетін айқындауға, оқиға барысындағы тұлғаның эмоционалды күйін түсінуге, сабақ мазмұнын тереңдетуге және зерттеушілік бағыттағы іс-әрекетті жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Тұлғаға тарихи- психологиялық талдау жасау мұғалімнің зерттеушілік құзыретін дамытудың тиімді құралы болып саналады. Нәтижесінде тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыретін арттырудың тиімді тетіктері айқындалып, тарихи тұлғалар арқылы зерттеушілік дағдыларды дамытудың инновациялық бағыты ұсынылады.

Түйінді сөздер: Кенесары хан, педагог, зерттеу құзыреті, дерек, тарихи - психологиялық портрет, тұлғалық қасиет, педагогикалық зерттеу, интерпретация, сыни ойлау, талдау.

Куанышбек Гульмира Еламановна

Старший преподаватель филиала АО «Национальный центр повышения квалификации «ОРЛЕУ» «институт профессионального развития по Туркестанской области», докторант Международного казахско-турецкого университета имени Х. А. Ясауи.

(Туркестан, Казахстан) e-mail: gulmira.kuanyshbek@ayu.edu.kz

РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГА НА ОСНОВЕ СОЗДАНИЯ ИСТОРИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ПОРТРЕТА ХАНА КЕНЕСАРЫ

Аннотация.

В статье всесторонне рассматривается проблема развития исследовательской компетенции педагога через создание историко-психологического портрета Кенесары хана. Автор рассматривает психологический облик исторической личности как педагогический метод исследования, определяя теоретические и практические аспекты совершенствования исследовательской деятельности учителя. В ходе исследования анализируются личностные качества Кенесары хана, его лидерские способности, борьба за независимость страны, а

также социально-психологические особенности того периода. Раскрывается педагогический потенциал метода создания историко-психологического образа. Показано, что данный подход способствует развитию аналитических, рефлексивных и креативных способностей учителя, формированию научного мышления и исследовательской культуры. Такой метод усиливает умения педагога анализировать, сравнивать и обобщать данные, активизирует творческий поиск. Кроме того, историко-психологический анализ позволяет учителю выявлять индивидуальные особенности и способности учащихся, понимать эмоциональное состояние личности в ходе событий, углублять содержание урока и системно организовывать исследовательскую деятельность. Анализ историко-психологического типа личности рассматривается как эффективное средство развития исследовательской компетенции педагога. В результате определяются действенные механизмы повышения профессиональной компетентности учителей истории и предлагается инновационное направление развития исследовательских навыков через изучение исторических личностей.

Ключевые слова: хан Кенесары, педагог, исследовательская компетентность, источник, историко-психологический портрет, личностное качество, педагогическое исследование, интерпретация, критическое мышление, анализ.

Kuanyshbek G.

Senior Lecturer at the Turkistan Regional Institute of Professional Development, a branch of JSC "National Center for Professional Development 'Orleu'", PhD student at Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University.
(Turkistan, Kazakhstan) e-mail: gulmira.kuanyshbek@ayu.edu.kz

DEVELOPMENT OF THE TEACHER'S RESEARCH COMPETENCE BASED ON THE CREATION OF THE HISTORICAL AND PSYCHOLOGICAL PORTRAIT OF KHAN KENESARY

Abstract.

The article comprehensively examines the issue of developing a teacher's research competence through the creation of a historical and psychological portrait of Khan Kenesary. The author considers the psychological image of a historical figure as a pedagogical research method, defining the theoretical and practical aspects of improving the teacher's research activity. During the study, Kenesary Khan's personal qualities, leadership abilities, struggle for national independence, and the socio-psychological characteristics of that era are analyzed. The pedagogical potential of the method of creating a historical and psychological image is revealed. It is shown that this approach contributes to the development of the teacher's analytical, reflective, and creative abilities, as well as to the formation of scientific thinking and research culture. Such a method enhances the teacher's skills in analyzing, comparing, and generalizing data, while strengthening creative inquiry. In addition, historical and psychological analysis allows the teacher to identify students' individual traits and abilities, understand the emotional state of a personality within historical events, deepen the content of lessons, and systematically organize research-oriented activities. Conducting historical and psychological analysis of a personality is considered an effective tool for developing the teacher's research competence. As a result, effective mechanisms for improving the professional competence of history teachers are identified, and an innovative direction for developing research skills through the study of historical figures is proposed.

Keywords: Khan Kenesary teacher, research competence, source, historical and psychological portrait, personal quality, pedagogical research, interpretation, critical thinking, analysis.

Kuanyshbek G.

“Orleu” Ulusal Yeterlilik Artırma Merkezi A.Ş.’nin Türkistan Bölgesi Mesleki Gelişim Enstitüsü şubesinde kıdemli öğretim görevlisi, H. A. Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi doktora öğrencisi.

(Türkistan, Kazakhstan) e-mail: gulmira.kuanyshbek@ayu.edu.kz

ÖĞRETMENİN ARAŞTIRMA YETERLİLİĞİNİN KENESARY HAN’IN TARİHİ VE PSİKOLOJİK PORTRESİNİN OLUŞTURULMASI TEMELİNDE GELİŞTİRİLMESİ KUANYSHBEK GÜLMİRA YELAMANKIZI

Özet.

Makale, öğretmenin araştırma yeterliliğini geliştirme konusunu, Kenesary Han’ın tarihî ve psikolojik portresinin oluşturulması yoluyla kapsamlı bir şekilde ele almaktadır. Yazar, tarihî bir kişinin psikolojik imajını pedagojik bir araştırma yöntemi olarak ele alarak, öğretmenin araştırma etkinliğini geliştirmeye yönelik teorik ve pratik boyutları tanımlamaktadır. Araştırma sürecinde Kenesary Han’ın kişisel nitelikleri, liderlik yetenekleri, ulusal bağımsızlık mücadelesi ve o dönemin sosyal-psikolojik özellikleri analiz edilmektedir. Tarihî ve psikolojik imaj oluşturma yönteminin pedagojik potansiyeli ortaya konmaktadır. Bu yaklaşımın, öğretmenin analitik, yansıtıcı ve yaratıcı yeteneklerini geliştirmeye, bilimsel düşünce ve araştırma kültürünü oluşturmaya katkı sağladığı gösterilmektedir. Bu yöntem, öğretmenin verileri analiz etme, karşılaştırma ve genelleme becerilerini artırırken, yaratıcı sorgulama süreçlerini de güçlendirmektedir. Ayrıca tarihî ve psikolojik analiz, öğretmenin öğrencilerin bireysel özelliklerini ve yeteneklerini belirlemesine, bir kişinin olaylar sırasında duygusal durumunu anlamasına, ders içeriklerini derinleştirmesine ve araştırma odaklı etkinlikleri sistemli bir şekilde organize etmesine olanak sağlamaktadır. Bir kişinin tarihî ve psikolojik analizini yapmak, öğretmenin araştırma yeterliliğini geliştirmek için etkili bir araç olarak değerlendirilmektedir. Sonuç olarak, tarih öğretmenlerinin mesleki yeterliliklerini artırmanın etkili mekanizmaları belirlenmiş ve tarihî kişilikler aracılığıyla araştırma becerilerini geliştirmeye yönelik yenilikçi bir yön önerilmiştir.

Anahtar kelimeler: Kenesary Han, öğretmen, araştırma yeterliliği, kaynak, tarihî ve psikolojik portre, kişisel özellik, pedagojik araştırma, yorumlama, eleştirel düşünme, analiz.

Кіріспе. Қазіргі таңда білім беру кеңістігі педагогтің кәсіби құзыреттерін үнемі жетілдіруді талап етеді. Солардың ішінде зерттеу құзыреті мұғалімнің кәсіби шеберлігінің, ғылыми-танымдық белсенділігінің және педагогикалық инновацияларды игеру қабілетінің негізгі көрсеткіші болып табылады. Педагогтің зерттеу құзыреті- бұл ғылыми-әдіснамалық білімге сүйене отырып, зерттеу мәселесін анықтау, деректерді талдау, нәтижелерді интерпретациялау және педагогикалық практикада қолдану қабілеті. Мұндай құзыреттің дамуы педагогтің рефлексиялық мәдениетін арттырып, оның кәсіби ойлауын ғылыми деңгейге көтереді [1]. Педагогтің зерттеу құзыретін дамыту- оның ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастыру, зерттеу логикасын түсіну, деректерді жинақтап, талдап, дәлелді қорытынды жасау қабілеттерін жетілдірумен тығыз байланысты.

Тұлғаның тарихи-психологиясы- бұл психологияның бір бағыты, ол адам тұлғасының психологиялық ерекшеліктерін тарихи контексте, яғни белгілі бір дәуірдің, қоғамның, мәдениеттің, әлеуметтік жағдайдың әсерімен қалыптасуын зерттейді. Осы тұрғыда тарихи тұлғаларды психологиялық тұрғыдан зерттеу педагогтің аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін жетілдірудің тиімді әдісі болып табылады. Кенесары Қасымұлының тұлғалық болмысын талдау арқылы педагог-зерттеуші тарихи деректерді психологиялық интерпретациялау дағдысын қалыптастырады. Кенесары хан – қазақ халқының азаттық қозғалысының жетекшісі ғана емес, сондай-ақ күрделі психологиялық мінез-құлық иесі. Оның шешім қабылдауындағы тұрақтылық, көшбасшылық мінез ерекшеліктері мен стратегиялық ойлауы зерттеу объектісі ретінде педагогке тұлға психологиясының әмбебап заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Оның шешім қабылдауындағы тұрақтылық,

көшбасшылық мінез ерекшеліктері мен стратегиялық ойлауы зерттеу объектісі ретінде педагогке тұлға психологиясының әмбебап заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Себебі тұлғалық-психологиялық талдау педагогтің аналитикалық ойлауын, деректерді көпқырлы қарастыру қабілетін және ғылыми дәлел келтіру дағдыларын арттырады.

Зерттеудің мақсаты- Кенесары ханның психологиялық портретін жасау арқылы педагогтің зерттеу құзыретін дамытудың тиімді жолдарын айқындау.

Зерттеу әдістері. Мақалада педагогтің зерттеу құзыреттілігін дамыту үдерісін және Кенесары ханның психологиялық портретін талдау мақсатында кешенді әдіснамалық тәсіл қолданылды. Зерттеу тұлғаның тарихи-әлеуметтік және психологиялық даму ерекшеліктерін айқындауға бағытталды.

Теориялық негіз ретінде бірқатар отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Атап айтқанда, Дэвид Кар (David Carr) – тарих философиясы мен тарихи танымның феноменологиясы саласында танымал америкалық философ. Оның еңбектерінде тұлғаның тарихи дамуы, өзіндік сана мен әлемді уақыттық және тарихи тәжірибе арқылы ұғыну мәселелері қарастырылады. Кардың тұжырымдамалары тұлғаның тарихи сана арқылы қалыптасуының философиялық-психологиялық негізін айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысына Роберт Г. Л. Уэйттің (Robert G. L. Waite) “The Psychopathic God: Adolf Hitler” (1977) атты еңбегі талдау нысаны ретінде алынды. Бұл зерттеу тұлғаның саяси мінез-құлқы мен психологиялық құрылымын өзара байланыстыра отырып, тарихи тұлғаның ішкі мотивациялық және психопатологиялық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда түсіндіреді.

Зерттеуде сондай-ақ, отандық тарихшы Е. Бекмахановтің еңбектері маңызды дереккөз ретінде қолданылды. Атап айтқанда, «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» және «Восстание хана Кенесары» атты зерттеулері Кенесары хан дәуіріндегі тарихи жағдайларды, әлеуметтік-қоғамдық құрылымды және тұлғаның тарихи рөлін зерттеуде негізгі мәліметтер берді. Бекмахановтің еңбектері Кенесары ханның көшбасшылық қасиеттерін, тарихи әрекеттерін және қоғамдағы ықпалын психологиялық тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді.

А.И. Артемьевтің «Социология и психология личности» атты еңбегі әдіснамалық және теориялық негіз ретінде қолданылды. Бұл еңбекте тұлғаның әлеуметтік және психологиялық құрылымдары, олардың өзара байланысы мен дамуының заңдылықтары жүйелі түрде талданған. Автор тұлғалардың әлеуметтену үдерісін, әлеуметтік рөлдер мен құндылық бағдарлардың психологиялық мәнін кешенді тұрғыдан қарастырады.

Аталған теориялық дереккөздерге сүйене отырып, мақалада теориялық және эмпирикалық әдістердің өзара сабақтастығы қамтамасыз етілді. Мұндай тәсіл тұлғаның тарихи-психологиялық табиғатын кешенді түрде зерделеуге, сондай-ақ педагогтің зерттеу құзыреттілігін дамыту үдерісін ғылыми негізде сипаттауға мүмкіндік берді.

Кенесары ханның психологиялық портретін жасау үшін деректік-тарихи талдау, пәнаралық тәсіл әдісі қолданылып, оның өмірі мен қызметіне қатысты тарихи құжаттар, замандастарының естеліктері және заманауи зерттеулердегі сипаттамалар ғылыми тұрғыдан сараланды. Бұл деректер тұлғаның мінез ерекшеліктерін, көшбасшылық қабілеттерін және эмоционалды-интеллектуалдық қырларын анықтауға мүмкіндік берді.

Талқылау және нәтижелер. И.А.Зимняяның зерттеулерінде «құзырет» ұғымы «білімге негізделген, адамның интеллектуалды және жеке тұлғаға негізделген әлеуметтік – кәсіби өмірі» деп түсіндіріледі, ал «құзыреттілік әрқашан құзыреттің өзекті көрінісі болып табылады», яғни құзыреттер «кейбір ішкі, әлеуетті, жасырылған психологиялық жаңа пайда болған түрлер: білім, идеялар, іс-қимыл бағдарламалары (алгоритмдер), құндылықтар мен қатынастар жүйелері, содан кейін адамның құзыреттілігінде анықталады» [2].

И. А. Зимняяның зерттеулерінде көрсетілгендей, құзырет – адамның білімге негізделген, интеллектуалды және тұлғалық әлеуетінің әлеуметтік-кәсіби өмірде көрініс

табатын кешенді қасиеті. Құзыреттілік – сол әлеуеттің нақты әрекеттегі көрінісі, яғни адамның ішкі ресурстары: білім, идеялар, іс-қимыл бағдарламалары, құндылықтар мен қатынастар жүйесі тәжірибеде іске асады. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу құзыреті педагог үшін аса маңызды: ол педагогқа жаңа білім мен әдістерді өз бетінше игеруге, тәжірибеде сынауға, кәсіби іс-әрекеттерін деректер мен дәлелдерге сүйене отырып тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу құзыреті педагогтың кәсіби дамуы мен сабақ сапасын арттырудың негізгі факторы болып табылады, себебі ол шығармашылықты, сыни ойлауды және кәсіби шешім қабылдауды қамтамасыз етеді.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында: Білім алушылардың тарих сабақтарында оқу сауаттылығын дамыту мақсатында төмендегі жұмысты ұйымдастыру ұсынылады:

- деректі, публицистикалық, көркем, оқу мәтіндерін немесе олардың үзінділерін тарихи дереккөз ретінде талдау, бұл дереккөзден сұрақтарға жауап іздеу, ақпаратты тандау және талдау дағдыларын дамытады;

- тарихи оқиғалардың түрлі нұсқаларын ұсынатын тарихи дереккөздерден алынған ақпаратты салыстыру, бұл білім алушылардың сыни ойлау және әртүрлі көзқарасты салыстыру қабілетін дамытуға көмектеседі- деп көрсетілген [3]. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрлігінің 2020жылдың 4 мамырындағы №175 бұйырығына сәйкес әзірленген «Тарих және құқық негіздері: қытудағы жаңа технологиялар» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының 3-модульдің (Оқытудың мазмұны мен әдістерін білім алушылардың функционалдық сауаттылығы және білім беру сапасын арттыру үшін жетілдіру) «Зерттеу жобаларын оқу процесіне білім алушылардың шығармашылық ойлауын ынталандыру құралы ретінде кіріктіру: тарих және құқық негіздерін оқытуда зерттеу әдістерін кіріктіру тұжырымдамасы, білім алушылардың шығармашылық ойлауын ынталандыруға арналған стратегиялар мен практикалық тәсілдерді әзірлеу» тақырыбын жүргізу барысында пән мұғалімдерінің нұсқау хатқа сай зерттеуге бағытталған сабақты жоспарлау дағдысын дамыту мақсатында, сонымен қатар педагогтердің зерттеу құзыретін, кәсіби біліктерін дамытуға негізделген практикалық жұмыстар жүргізеді.

Педагогтердің тарихи деректерді талдау, сыни ойлау интерпретациялау дағдысын қалыптастыруға Кенесары Қасымұлының тұлғалық- психологиялық болмысын талдау тапсырмалары ұйымдастырылды.

Практикалық жұмыс барысында Е.Бекмахановтің «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40жылдарында», «Востание хана Кенесары» атты еңбектері, Кенесары Қасымұлы. Туғанына 200 жыл толуына арналған ғылыми-теориялық конференция материалдары, Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың әртүрлі кырларын көрсететін құжаттар берілген «Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова» кітабы зерттеліп, талданды.

№1 дерек. «В этот период Кенесары Касымов проявил себя не только вождем и организатором масс, но и талантливым полководцем. Он создал прекрасную армию, состоявшую из 20 тысяч жигитов, среди которых проводил строгую военную дисциплину. Один военнопленный, барон Оруд, находившийся в ставке Кенесары, передает следующее: «При мне, собрав всех своих казахов, Кене-сары предал мучительной смерти одного казаха, которого застал спящим в ночном карауле» [4].

Берілген дерекке сүйенсек, Кенесары Қасымұлының өз сарбаздарын қатал тәртіпке бағындырғаны және әскери тәртіпті бұзған адамға ерекше қатаң жаза қолданғаны айтылады. Мұндай мінез-құлық оның тұлғалық психологиясында жоғары деңгейдегі жауапкершілік сезімі, тәртіп пен әділеттілікті қатаң сақтауға бағытталған ерік-жігері, сондай-ақ қатал шешім қабылдау қабілеті бар екенін көрсетеді.

Біріншіден, бұл дерек Кенесарының жоғары деңгейдегі лидерлік (көшбасшылық) типіне тән мінезін білдіреді. Ол өзінің билігін эмоциямен емес, тәртіп пен борыш сезіміне негіздеген. Психологияда мұндай қасиет авторитарлық-лидерлік стиль деп аталады. Мұндай көшбасшылар қатаң тәртіп арқылы топтың тұрақтылығын және мақсатқа жетуін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, бұл әрекет Кенесарының жауынгерлік психикасының ерекшелігін танытады. Ұйықтап қалған күзетшіні өлім жазасына кесу – әскери қауіпсіздікті сақтаудың экстремалды тәсілі. Демек, ол соғыс жағдайында кез келген қателікті қауіпті деп қабылдап, жауапсыздыққа нөлдік төзімділік танытқан. Бұл – қатер жағдайында стратегиялық ойлау мен қауіптің алдын алу инстинктінің көрінісі.

Үшіншіден, Кенесарының бұл шешімі оның эмоционалды ұстамдылығы мен ерік күшін де сипаттайды. Мұндай қатал шешім қабылдау үшін тұлғада жоғары ішкі бақылау және моральдық сенімділік болуы тиіс. Ол жеке эмоцияға емес, ұжымның қауіпсіздігі мен мақсаттың маңыздылығына сүйеніп әрекет еткен. Дерек Кенесары ханның тұлғалық психологиясында жоғары жауапкершілік, тәртіптілікті талап ету, қаталдық арқылы әділет орнату және стратегиялық ерік-жігер секілді қасиеттердің басым болғанын дәлелдейді. Бұл-оның тек әскери қолбасшы ғана емес, ерік күші жоғары, шешім қабылдауда принципшіл және миссиясына берілген тұлға екенін көрсететін айқын психологиялық көрініс.

2-дерек. 1843 жылдар Кенесары сұлтанның билерге айтқан сөзі

Сізге - Бәйтерек биге, Бесек биге, Қызыл биге, Айшынды биге, Сүлеймен биге, Қарақұштік биге және барша назардың кісілеріне, билер мен мырзаларға сөз!

Сол Құдайдың тағдыры болып, біздің біраз адамымыздың қаны сіздердің мойныңызда болып еді. Ол істеген істеріңізге тәубе қылып, бізді хан біліп, өздеріңіз қараша болып, бізбен татуласар деген ниетіміз бар еді. Бірақ сіз Құдайдан қорықпадыңыз, аруақты сыйламадыңыз. Сіздің қылығыңыз – қандасыңыз Тілеуді ұрып, қорлағаныңыз болды. Егер бұрынғы істеріңізге тәубе қылып, райыңыздан қайтсаңыз, жақсыларыңыз біздің алдымызға келіңіздер. Біздің мейірбандығымыз сіздерге көп. Ал егер келмесеңіздер - біз отыз жасқа келдік, сіздерді Құдайдан тілеп, енді отыз жыл жаулармын, иншалла, хақ! Сіздерге Бүбек құлымызды жібердік. Әрбір ауыз сөзіне бауыр болыңыздар [5], - деп жазады. 1843 жылы Кенесары Қасымұлының билерге арнаған хаты – оның көшбасшының ішкі ерік-жігерінің көрінісі айқын бейнелейтін тарихи құжаттардың бірі. Бұл хатта Кенесарының бойындағы бірнеше маңызды психологиялық қасиеттер көрініс табады: әділдік сезімі, рухани жауапкершілік, көшбасшылық ерік және стратегиялық ойлау.

Біріншіден, хаттың мазмұнынан Кенесарының рухани және моральдық тұрақтылығы анық байқалады. Ол қарсыластарына қарата сөзін «Құдайдан қорқып, аруақты сыйлаңыздар» деп бастайды. Бұл сөйлем оның діни-рухани сана деңгейінің жоғары екенін және кез келген шешімді құндылықтық-этикалық тұрғыдан бағалайтынын көрсетеді. Мұндай психологиялық ұстаным тұлғаның интегративті мінез құрылымын білдіреді.

Екіншіден, Кенесарының сөздерінен эмоционалды интеллект пен ерік күші айқын көрінеді. Ол қарсыластарымен тікелей соғысқа бармай тұрып, диалог арқылы шешім іздейді: «Біздің мейірбандығымыз сіздерге көп» - бұл сөйлем оның қарым-қатынастағы дипломатиялық қабілетін және жанжалдарды шешудегі эмоционалды тепе-теңдігін көрсетеді. Мұндай қасиет көшбасшылық психологияда лидерлік эмпатия деп аталады.

Үшіншіден, Кенесарының «Егер келмесеңіздер, біз отыз жыл жаулармыз» деген сөзі оның ішкі сенім жүйесінің беріктігін және мақсатқа адал психологиялық мотивациясын сипаттайды. Ол өз ұстанымынан қайтпайтын, ерік-жігері жоғары тұлға болған. Бұл қасиет Мак Клеllandтың мотивация теориясы бойынша «билік пен жетістікке ұмтылу» категориясына жатады.

Сондай-ақ Кенесарының бұл үндеуінде жауапкершілік пен ұжымдық санаға әсер ету стратегиясы көрінеді. Ол жеке адамдарды емес, бүкіл руды, қауымды жауапкершілікке тартады («сіздердің мойындарыңызда қан бар»). Бұл оның психологиялық әсер ету әдісін ұжымдық деңгейде қолдана алатын стратег екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, бұл деректе Кенесары ханның 1843 жылғы бұл сөзі оның тұлғалық психологиясын-рухани сенімге негізделген, ерік-жігері мықты, әділетті әрі стратегиялық көшбасшы бейнесін толық сипаттайды. Ол үшін әділдік пен намыс-психологиялық тірек, ал халық алдындағы жауапкершілік - өмірлік миссия болған.

№3 дерек. Кенесары жауларына өте қатал болды. Оны мына хаттан көруге болады (қор 4 тізім, 1 іс, 385): «...Въ начале июля съ Оренбургской линии высланъ на поиски въ степь новый отрядъ, подъ начальством полковника Дуниковского, в составе 500 Уральских и Оренбургских казаковъ при 2-х орудияхъ. Въ ночь съ 20-го на 21-е июля (1844г.) на р.Улькоякъ (Елкебек Б.Н.), недалеко отъ верховья Тобола, на отрядъ Дуниковского напалъ Кенесары, перерезалъ султанов, биевъ, почетных киргизовъ по вине и беспечности Дуниковского» [6].

Кенесары Дуниковскийдің отрядына түнгі уақытта күтпеген жерден шабуыл жасаған. Мұндай әрекет оның жоғары деңгейдегі стратегиялық интеллектісі мен тактикалық есептеу қабілетін көрсетеді. Ол қарсыласының әлсіз тұстарын дәл бағалай алып, соғыс жағдайындағы шешімдерді логикалық және прагматикалық тұрғыдан қабылдаған. Бұл қасиет К. Юнг типологиясы бойынша интуитивті-рационалды тұлғаға тән сипат болып табылады. Кенесарының әскери әрекеттері оның жоғары ішкі мотивациясы мен ерік-жігерінің мықтылығын дәлелдейді. Шабуылдың нақты жоспармен жүзеге асуы Кенесарының эмоциялық реттеу деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді. Ол ашу-ыза немесе кек алу сезімінен емес, нақты есеп пен мақсаттылық негізінде әрекет еткен. Бұл оның эмоциялық интеллектісінің (Д. Гоулман тұжырымдамасы бойынша) дамығанын көрсетеді. Тарихи жағдаяттағы суыққанды шешім қабылдау - көшбасшы тұлғаның кәсіби және психологиялық жетілгендігін білдіреді.

№4 дерек. Халық ауыз әдебиеті тарихи тұлғалардың болмысын бейнелейтін маңызды мәдени-рухани дерек көзі болып табылады. Онда халықтың тарихи жадында сақталған тұлға бейнесі көркем тіл арқылы сомдалып, оның мінезі мен дүниетанымы поэтикалық тұрғыдан ашылады. Ф.Сатыбалдұлының «Шерлі жылдар, шерулі жырлар» жинағында Кенесарының хан сайлануының жайы сөз болады. Осы тұстарда Кенесарының бейнесі де көрсетілген:

Ер Кене қысыр сөзді ұнатпайды,
Мылжың мен мақтаншақты жаратпайды.
Кісіні бір көргеннен таниды да,
Маңына ішмерезді жолатпайды.
Айбаты – арыстандай суық кісі,
Адамның бұл да ерекше көріктісі.
Көп тыңдап, аз сөйлейді, тым сабырлы,
Дініне алабөтен берік кісі.
Тұрады кімді болсын мысы басып,
Қалады көрген кісі демде жасып.
Кісінің ту сыртынан өтер көзі,
Ерекше жаралған жан айбыны асып.

Бұл шумақтардан Кенесарының сыртқы бейнесі ғана емес, ішкі жан дүниесі де байқалады. «Кісіні бір көргеннен таниды да, Маңына ішмерезді жолатпайды.» Бұл жолдар Кенесарының әлеуметтік интеллектісінің жоғары деңгейін бейнелейді және адамды бір көргеннен танитын аса байқампаздығын танытады. Ол адамдардың мінез-құлқындағы ұсақ

детальдарды бақылап, ішкі ниетін дәл бағалай алған. Мұндай тұлғаларда эмпатиялық сезімталдық, жоғары перцептивтік қабылдау және интуитивтік ойлау қабілеттері қатар дамиды. Бұл қасиеттер көшбасшы үшін шешуші сипаттардың бірі болып табылады [6].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тарихи тұлға негізінде психологиялық портрет жасау педагогтің зерттеу құзыретін дамытуда ерекше тиімді. Бұл әдіс бір жағынан тарихи-танымдық мазмұнды тереңдетсе, екінші жағынан зерттеушінің аналитикалық ойлау қабілетін жетілдіреді.

Пәнаралық тәсіл (тарих, психология, педагогика) зерттеу құзыретін қалыптастырудың жаңа моделін ұсынады. Кенесары ханның тұлғалық қасиеттерін талдау барысында педагог өз бойында зерттеуші көзқарасты, ғылыми пайым мен өзіндік интерпретацияны қалыптастырады. Сондай-ақ, психологиялық портрет жасау әдісі педагогикалық рефлексияны дамыта отырып, мұғалімдердің шығармашылық зерттеу мәдениетін арттыруға мүмкіндік береді.

Адамдар мен оқиғалар тарихынан құрылымдар мен үдерістер тарихына зерттеу қызығушылығының ауысуы мәселесі тағы бір бағытта ілгерілеуге мүмкіндік береді. Бұл тек сюжеттердің ғана емес, тарихи баяндаулардың тұтастығы мен аяқталғандығы туралы түсініктің де өзгеретінін білдіреді. Демек, өткенді көру тәсілі де басқаша болуы тиіс [7].

Жеке көзқарастар мен оқиғалар тарихынан құрылымдар мен үдерістер тарихына зерттеу қызығушылығының ауысуы өткенді тек жеке тұлғалар мен нақты оқиғалар арқылы емес, тарихи процестер мен әлеуметтік құрылымдар арқылы көріп, талдауға мүмкіндік береді. Кенесары ханның өмірін зерттегенде де бұл тәсіл маңызды: оны тек батыр немесе хан ретінде қарастырмай, сол дәуірдегі әлеуметтік-саяси құрылымдар, елдің ішкі жағдайы, халықтың психологиясы мен қоғамдағы үдерістер контекстінде қарастыру қажет. Мұндай тұрғыдан алғанда, тарихи-психологиялық портрет Кенесарыны жеке тұлға ретінде ғана емес, оның әрекеттерін, шешімдерін және стратегиялық іс-қимылдарын сол уақыттың әлеуметтік және саяси құрылымдары тұрғысынан түсіндіруге мүмкіндік береді. Яғни, өткенді құрылымдар мен үдерістер арқылы қарау Кенесары ханның тұлғалық және психологиялық ерекшеліктерін терең, кешенді бағалауға жол ашады.

Практикалық жұмыс барысында Кенесары ханның психологиялық портретін жасау нәтижесінде оның келесі тұлғалық сипаттары анықталды:

- **Көшбасшылық қабілет:** стратегиялық ойлау, шешім қабылдаудағы батылдық, жауапкершілік сезімі;
- **Эмоциялық тұрақтылық:** күрделі жағдайларда сабырлылық таныту, өзін-өзі бақылау;
- **Интеллектуалдық даму:** саяси, әскери және дипломатиялық сауаттылық;
- **Әлеуметтік бағдар:** ұлт бірлігін сақтау, әділет пен тәуелсіздік идеясын ұстану.

Кесте. Деректер мен тарихи Кенесары ханға тарихи- психологиялық талдау

Дереккөз Топтары	Ханға Қатысты Көзқарас/Ақпарат	Психологиялық портретке үлесі
1. Ресей империясының ресми құжаттары	Ханды "бүлікші", "қауіпті" тұлға ретінде сипаттайтын әкімшілік хат-хабарлар, баяндамалар.	Сыртқы қысым: Ханның саяси мінез-құлқын, қаталдығын немесе стратегиялық шешімдерін көрсетеді.
2. Қазақ жырауларының ауыз әдебиеті	Ханды "батыр", "ұлттық көшбасшы" ретінде дәріптейтін жырлар мен аңыздар.	Ұлттық рух: оның халық арасындағы беделін, жеке харизмасын және мақсат-мүддесін түсінуге негіз болады.
3. Оқиғаға куәгерлердің	Көтеріліске қатысқан куәгерлер және жазған хаты	Тұлғалық қасиеттер: оның күнделікті мінез-құлқын, эмоциялық

Дереккөз Топтары	Ханға Қатысты Көзқарас/Ақпарат	Психологиялық портретке үлесі
естеліктері мен хаттар		реакцияларын және жеке қарым- қатынасын ашуға көмектеседі.

Кенесары ханның тарихи- психологиялық портретін жасау нәтижесінде тарих пәні педагогтері талдау жасау дағдысын, логикалық ойлау мәдениетін, сондай-ақ зерттеу мотивациясын арттырды.

Қорытынды. Түйіндей келе, Кенесары ханның психологиялық портретін құрастыру негізінде қолданылатын тарихи-психологиялық әдіс педагогикалық білім беру жүйесінде педагогтің зерттеу құзыретін дамытудың ғылыми тұрғыдан негізделген, кешенді және практикалық тиімді құралы болып табылады. Бұл әдіс педагогтарға тек кәсіби оқытушы ретінде әрекет етуден бөлек, дербес зерттеуші, аналитик, сыни ойлаушы ретінде өзін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тарихи-психологиялық талдау педагогтің ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыруға, кәсіби және тұлғалық дамуын тереңдетуге ықпал етеді. Мұндай тәсіл педагогтің білімін, тәжірибелік дағдыларын және интеллектуалды әлеуетін тиімді пайдалануына жағдай жасап, оның кәсіби әрекетінде шешім қабылдау, ғылыми пайымдау және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін нығайтады. Осылайша, тарихи-психологиялық әдіс педагогтің зерттеу құзыретін арттыруда теориялық және практикалық мәні зор құрал болып саналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қалиева Э.И. «Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі: Оқу құралы» - Ақтау: 2010.
2. Зимняя И.А. Ключевые компетенции –новая парадигма результата образования// Высшее образование сегодня. -2003. –№5. -С.35 -41
3. «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат.- Астана: Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 172 б.
4. Бекмаханов Е.Б. Востание хана Кенесары (1837-1847г.г).-Алма-Ата: Ғылым, 1992- 48 бет.
5. Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова. - Алматы: Ғылым, 1996. - 512 с.
- Әбдіғапбарова Ұ. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
6. Болатбек НӘСЕНОВ, Хан Кенедей ер қайда? <https://anatili.kazgazeta.kz/news/17366>
7. Торғай ақындары шығармашылығындағы Кенесары-Наурызбай бейнесі 24 Қаңтар, 2023 <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/11904>

REFERENCES

1. Qalïeva É.İ. «Ğilimï-pedagogïkalıq zerttew ädistemesi: Oqw quralı» - Aqtaw: 2010. 2. Zimnyaya İ.A. Klyuçevie kompetencïï –novayaparadïgma rezwtata obrazovanïya // Visşee obrazovanie segodnya. -2003. –№5. -S.35 -41
3. «2025-2026 oqw jılında Qazaqstan Respwblïkasınıñ jalpı bilim беретin mektepterinde bilim berw procesin uyımdastırwdıñ erekşelikleri twralı» ädistemelik nusqaw xat.- Astana: I.Altınсарın atındağı UBA, 2025. – 172 b.
4. Bekmaxanov E.B. Vostanïe xana Kenesarı (1837-1847g.g).-Alma-Ata:Ğilim,1992- 48 bet.
5. Naciionalno-osvoboditel'naya borba kazaxskogo naroda pod predvoditelstvom Kenesarı Kasımova. - Almatı: Gılim, 1996. - 512 s.
6. Äbdığapbarova U. Pedagogtıñ käsibı quzırettiligi. – Almatı: Qazaq wnïversiteti, 2020.
7. Bolatbek NÄSENOV, Xan Kenedey er qayda? <https://anatili.kazgazeta.kz/news/17366>

Нурманова Шынар

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университетінің докторанты
(Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: shynar.nurmanova@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0009-0006-8879-7078>

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТҮРІКШІЛДІК КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗЕГІ

Аңдатпа.

Бұл ғылыми мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының рухани ізденістеріндегі ерекше бағыт – М.Жұмабаевтың өлеңдері арқылы түрікшілдік концепциясы тарихи-психологиялық, зерттеу тәсілдерімен қарастырылады. Зерттеу барысында ақынның түрікшілдік идеясының қалыптасуына ықпал еткен саяси, мәдени, әлеуметтік жағдайлар жіктеліп, тарихи идеологиялық ерекшеліктері анықталады. Мағжан шығармашылығында түркі халықтарының тарихи тамырластығы, рухани тұтастығы мен мәдени бірлігі идеяларының көрініс табуы, олардың ұлттық сана, тарихи жады мен азаттық идеясын нығайтудағы рөлі нақты талданады. Мақалада тарихи психологияның негізгі қағидаларына сүйене отырып, ақын тұлғасының рухани әлемі мен шығармашылық ой-өрісі тарихи әлеуметтік контекст негізінде талданады. М.Жұмабаевтың түрікшілдік концепциясы қазақ халқының жадын, рухани бірлігін және ұлттық психологиясын бейнелейтін, тұтас түркі өркениетінің идеялық-танымдық өзегін құрайтын тарихи-философиялық құбылыс ретінде қарастырылады. М.Жұмабаев поэзиясындағы түрікшілдік тұтастық идеясы тек этникалық бірлікті ғана емес, сонымен бірге өркениеттік және мәдени үндестікті бейнелейтін тарихи-психологиялық тұжырым негізінде талданды. Ақын мұрасындағы түрікшілдік ұстанымдары тарихи-психологиялық тұрғыдан талдау қазіргі түркі халықтарының ұлттық бірлігін, рухани тұтастығын, мәдени жандануын, идеялық сабақтастығын айқындап, ғылыми деңгейде пайымдауға жол ашты.

Кілт сөздер: Мағжан Жұмабаев, түрікшілдік идеясы, ұлтшылдық, поэзиясы, тарих психологиясы, ұлттық сана, рухани болмыс, ұлттық бірлік.

Нурманова Шынар

Докторант Международного казахско-турецкого
университета имени Ходжи Ахмета Яссави
(Туркестан, Казахстан) e-mail: shynar.nurmanova@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0009-0006-8879-7078>

ИСТОРИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ЯДРО КОНЦЕПЦИИ ТЮРКИЗМА МАҒЖАНА ДЖУМАБАЕВА

Аннотация.

В данной научной статье рассматривается понятие тюркизма – особое направление в духовных поисках казахской интеллигенции начала XX века – через поэмы М. Жумабаева с использованием историко-психологических методов исследования. В ходе исследования классифицируются политические, культурные и социальные условия, способствовавшие формированию идеи тюркизма поэта, выявляются историко-идеологические особенности. Наглядно анализируется отражение в творчестве Магжана идей исторических корней, духовной целостности и культурного единства тюркских народов, их роль в укреплении идеи национального самосознания, исторической памяти и свободы. В статье анализируется

духовный мир и творческое мышление личности поэта на основе историко-социального контекста, опираясь на основные принципы исторической психологии. Концепция тюркизма М. Жумабаева рассматривается как историко-философский феномен, отражающий память, духовное единство и национальную психологию казахского народа и образующий идейно-когнитивный стержень всей тюркской цивилизации. Идея тюркского единства в поэзии М. Жумабаева проанализирована на основе историко-психологической концепции, отражающей не только этническое единство, но и цивилизационно-культурную гармонию. Анализ принципов тюркского единства в наследии поэта с историко-психологической точки зрения раскрыл национальное единство, духовное единство, культурное возрождение и идеологическую преемственность современных тюркских народов и проложил путь к их научному анализу.

Ключевые слова: Мағжан Жұмабаев, идея тюркизма, национализм, поэзия, психология истории, национальное сознание, духовная сущность, национальное единство.

Nurmanova Sh.

Doctoral student at the International Kazakh-Turkish
University named after Khoja Akhmet Yassawi
(Turkistan, Kazakhstan) e-mail: shynar.nurmanova@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0009-0006-8879-7078>

THE HISTORICAL-PSYCHOLOGICAL CORE OF MAGZHAN DZHUMABAYEV'S CONCEPT OF TURKISHISM

Abstract.

This scientific article examines the concept of Turkism, a special direction in the spiritual quest of Kazakh intellectuals of the early 20th century, through the poems of M. Zhumabayev, using historical and psychological research methods. During the study, the political, cultural, and social conditions that contributed to the formation of the poet's idea of Turkism are classified, and historical and ideological features are identified. The reflection of the ideas of historical roots, spiritual integrity, and cultural unity of the Turkic peoples in Magzhan's work, their role in strengthening the idea of national consciousness, historical memory, and freedom, is clearly analyzed. The article analyzes the spiritual world and creative thinking of the poet's personality on the basis of the historical and social context, based on the basic principles of historical psychology. M. Zhumabayev's concept of Turkism is considered as a historical and philosophical phenomenon that reflects the memory, spiritual unity, and national psychology of the Kazakh people and forms the ideological and cognitive core of the entire Turkic civilization. The idea of Turkic unity in the poetry of M. Zhumabayev was analyzed on the basis of a historical-psychological concept that reflects not only ethnic unity, but also civilizational and cultural harmony. The analysis of the principles of Turkic unity in the poet's heritage from a historical-psychological perspective revealed the national unity, spiritual unity, cultural revival, and ideological continuity of the modern Turkic peoples and paved the way for their scientific analysis.

Keywords: Magzhan Zhumabayev, the idea of Turkism, nationalism, poetry, psychology of history, national consciousness, spiritual essence, national unity.

Nurmanova Sh.

Hoca Ahmet Yesevi'nin adını taşıyan Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi'nde
doktora öğrencisi

(Kazakistan, Türkistan) e-mail: shynar.nurmanova@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0009-0006-8879-7078>

MAGZHAN DZHUMABAYEV'İN TÜRKÇÜLÜK ANLAYIŞININ

TARİHSEL-PSİKOLOJİK ÖZÜ

Özet.

Bu bilimsel makale, 20. yüzyıl başlarında Kazak aydınlarının manevi arayışlarında özel bir yön olan Türkçülük kavramını, M. Jumabayev'in şiirleri aracılığıyla tarihsel ve psikolojik araştırma yöntemleri kullanarak incelemektedir. Çalışma sırasında, şairin Türkçülük fikrinin oluşumuna katkıda bulunan siyasi, kültürel ve sosyal koşullar sınıflandırılmakta ve tarihsel ve ideolojik özellikler belirlenmektedir. Magzhan'ın eserinde Türk halklarının tarihi kökleri, manevi bütünlüğü ve kültürel birliği fikirlerinin yansıması, ulusal bilinç, tarihsel hafıza ve özgürlük fikrini güçlendirmedeki rolü açık bir şekilde analiz edilmektedir. Makale, şairin kişiliğinin manevi dünyasını ve yaratıcı düşüncesini, tarihsel ve toplumsal bağlam temelinde, tarihsel psikolojinin temel ilkelerine dayanarak analiz etmektedir. M. Jumabayev'in Türkçülük kavramı, Kazak halkının hafızasını, manevi birliğini ve ulusal psikolojisini yansıtan ve tüm Türk medeniyetinin ideolojik ve bilişsel özünü oluşturan tarihsel ve felsefi bir olgu olarak kabul edilmektedir. M. Jumabayev'in şiirlerindeki Türk birliği fikri, yalnızca etnik birliği değil, aynı zamanda medeniyet ve kültürel uyumu da yansıtan tarihsel-psikolojik bir kavram temelinde analiz edilmiştir. Şairin mirasındaki Türk birliği ilkelerinin tarihsel-psikolojik bir bakış açısıyla analizi, çağdaş Türk halklarının milli birliğini, manevi bütünlüğünü, kültürel canlanışını ve ideolojik sürekliliğini ortaya koymuş ve bunların bilimsel analizinin önünü açmıştır.

Anahtar kelimeler: Magzhan Cumabayev, Türkçülük düşüncesi, milliyetçilik, şiir, tarih psikolojisi, milli şuur, manevi öz, milli birlik.

Кіріспе. Алаш тарихын зерттеген ғалымдардың деректеріне сүйенетін болсақ, Мағжан Жұмабаев ақтау үдерісі біраз уақытқа созылды. Ақынның шығармашылық мұрасына қайта баға беру кезінде зерттеушілер амалсыздан «ол ұлттық мазмұнда жазған жоқ», «дін тақырыбын қозғамаған», «түрік идеясын жырламаған» деген сақтықпен айтылған пікірлер айтуға мәжбүр болған, себебі басқаша қорғау мүмкін болмады. Былайша айтқанда, Мағжанды тек осы жолмен ғана қорғау мүмкін еді. Ал, бүгінде тәуелсіздіктің отыз жылы артта қалған тұста, ақын мұрасын жаңаша көзқараспен қарап, жан-жақты зерттеу арқылы тарихи әділдікті қалпына келтіру қажет. Мағжанның поэзия әлемін терең тану, оның өлеңдерінің тақырыптық өзегін нақтылау арқылы ұлттық, түрікшілік бағыттағы шығармаларын талдау бұл мақалада өзіндік ғылыми маңызға ие болады. **Өзектілігі.** Мағжан Жұмабаевтың түрікшілдік идеялары түркі халықтарының ортақ тарихи тамырларын, мәдени және рухани біртұтастығын сақтай отырып, қазақ халқының ұлттық өзіндік санасын қалыптастыруға бет алған. Осы тұстан алғанда, ақынның түрікшілдік көзқарасын зерттеу қазіргі ұлттық идеология мен рухани бірлікті түсінудің маңызы болып табылады. Ақынның түрікшілдік концепциясын тарихи және психологиялық тұрғыдан зерделеу қазіргі түркі интеграциясының рухани және идеялық негіздерін ғылыми тұрғыдан пайымдауға жол ашады. Ақын түркі халықтарының мінез-құлқын, дүниетанымын, рухын және ерлік бейнесін терең психологиялық деңгейде суреттей келе, олардың ішкі рухани байланысын ашып көрсетеді. Осыған байланысты бұл бағыттағы ғылыми ізденістер жаңа теориялық және методологиялық жағына алғанда өзекті сипатқа ие бола алады.

Мақсаты мен міндеті. Мақаланың басты мақсаты М.Жұмабаевтың түрікшілдік идеясын қалыптастырған тарихи жағдайлар мен әлеуметтік-саяси алғышарттарын анықтау болып табылады. Осы мақсатқа сай төмендегідей міндеттер алға қойылды: М.Жұмабаев шығармаларындағы түркілік бірлік, рухани тұтастық және ұлттық еркіндік идеяларының көрінісін талдау, Мағжанның түрікшілдік көзқарастарының психологиялық қырларын, яғни ұлттық мінез, рух, ерлік және бірлік ұғымдарының көркем бейнеленуін айқындау.

Нәтижелер. Зерттеу барысында Мағжан Жұмабаевтың түрікшілдік идеяларының қалыптасуына сол дәуірдің әлеуметтік-саяси жағдайлары мен Алаш қозғалысы өкілдерінің ықпалы болғаны анықталды. Ақын шығармаларындағы түркілік идеялар оның жеке тұлғалық

психологиясымен, дүниетанымымен және ұлттық мінезді бейнелеу шеберлігімен тығыз сабақтастықта екені дәлелденді.

Жалпы, зерттеу нәтижесінде Мағжан Жұмабаевтың түрікшілдік концепциясы түркі халықтарының тарихи жады мен рухани бірлігін бейнелейтін, қазіргі түркі әлемінің идеялық-мәдени дамуын және генозисін түсінуге негіз болатын маңызды тарихи-психологиялық феномен ретінде көрсетілді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің деректік негізін ғылыми мақалалар, М.Жұмабаев туралы зерттеу еңбектері, жинақтар, естеліктер, өлеңдер жинағы құрайды. Кейінгі жылдары М.Жұмабаевтың түрікшілдік идеясы туралы зерттеулер, мақалалар жарық көруде. Мұндай жұмыстарда ақынның қызметі терең талданады, тың мәліметтер беріледі.

Ғылыми-зерттеуді жазу барысында тарихи психология ғылымының негізгі қағидалары мен әдістері негізге алынды. Сонымен қатар, зерттеу үдерісінде объективтілік пен жан-жақтылық және деректердің нақтылы сақталды деп айта аламыз. Жинақталған материалдарды талдау барысында аналитикалық тәсілдер қолданылып, құжаттық деректерді сипаттау, салыстыру, талдау әдістері пайдаланылды. Зерттеудің дереккөздік базасын ғылыми мақалалар, зерттеу еңбектері, құжаттар жинақтары, естеліктер, өлеңдер жинағы құрады.

Талқылау мен нәтижелер. Түрікшілдік концепциясына байланысты 2002 жылы жарық көрген С.Шілдебайдың «Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс» монографиясында XX ғасырдың басындағы қазақ және жалпы түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалыстары мен түрікшілдік идеясының өзара байланысын кешенді түрде талдайтын ғылыми еңбек деп айтуға болады. Зерттеу барысында түрікшілдік идеологиясының Қазақстан аумағындағы қалыптасу жолдарын, оның саяси және рухани ықпалын нақты тарихи деректер ретінде зерделей келе, Алаш қайраткерлерінің соның ішіндегі Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхановтың көзқарастарын салыстыра отырып, құнды мәліметтер келтірген [1]. Ғалым түрікшілдікті ұлттың өзіндік санасын, тілін, мәдениетін және рухани тұтастығын сақтауға бет алған идеялық ағым ретінде қарастырған. Сонымен бірге еңбекте түрікшілдік пен ұлтшылдықтың ара-жігі бөліп, олардың саяси және мәдени маңыздылығын ғылыми тұрғыдан ашып көрсеткен. Бұл зерттеу еңбегі түрікшілдіктің Қазақстандағы тарихи эволюциясын, оның ұлттық идеямен сабақтастығын айқындай келе, қазіргі түркі интеграциясы мәселелерін түсінуге аса құнды дереккөз бола алады.

Ы. Ожайұлының «Мағжан еңбектеріндегі түрікшілдік идеясы» атты ғылыми мақаласында балалық шағын туған жерінде өткізгені, кейін Уфа қаласына барып, «Ғалия» атты татар медреседе білім алғаны, ақынның терең білім мен рухани дүниетанымын қалыптастыруға осы оқу орны ерекше әсер еткені туралы деректер келтірілген. Сонымен қатар, «Ғалия» медресесінде Мысыр мен Стамбулда білім алған жоғары дәрежелі татар зиялылары сабақ бергені және ислам тәрбиесін берік ұстанған, түрікшілдік пен мұсылмандық рухы күшті бұл ұстаздар өз шәкірттеріне де сол бағытта тәрбиелегені туралы мағлұматтар алуға болады [2].

Тарих психологиясы ғылыми бағытта тарихи тұлғалардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін, өмір сүрген дәуірінің әлеуметтік жағдайын, жеке адамның психологиялық болмысын, тарихи жағдайлармен және қоғамдық сана деңгейімен өзара байланыстыра, тарихи тұлғалардың шешім қабылдау ерекшеліктері мен дүниетанымын олардың өмір сүрген кезеңіндегі саяси және рухани факторлардың ықпалымен түсіндіреді. М.Жұмабаевтың 1922 жылы жарық көрген «Педагогика» еңбегі осы тарихи психологиямен тікелей байланысты. Ол еңбек – қазақ баласының жан-жақты дамып, өнегелі азамат болып қалыптасуына арналған аса құнды ғылыми мәліметтер берілген. Біз бұл еңбекті қарастыру барысында адамның дүниеге келген сәтінен бастап төрт түрлі тәрбиені қатар алу қажеттігін айрықша атап өткен [3].

Біріншісі – дене тәрбиесі. Жаңа туған сәбидің әлсіз, «қызыл шақа» күйінен шығып, шымыр да қайратты азаматқа айналуы үшін қимыл-қозғалыстың, денсаулық пен күштің маңызы зор екенін аатап өтеді.

Екіншісі – ақыл тәрбиесі, яғни білім мен ой-сананы дамыту.

Үшіншісі – сұлулық тәрбиесі, ол адамның көркемдік талғамын, өнерге, әсемдікке құштарлығын қалыптастырады.

Төртіншісі – құлық тәрбиесі, яғни мінез-құлық пен сана-сезімге бағытталған тәрбие екеін көрсеткен.

Мағжанның пайымдауы бойынша, егер бала осы төрт саланы тең игерсе, ол толыққанды, кемел тұлға болып өседі.

3. Кәрімханның «Мағжан – ер түріктің тарихи тұлғасы» атты ғылыми мақаласында Мағжан Жұмабаев жас кезінен білім мен өнерге ден қойған, Алаш қайраткерлерімен бірге мектеп бағдарламаларын құрастыруға, қажетті оқулықтарды дайындауға және оларды оқытудың тиімді әдістерін жасауға белсене араласқаны туралы деректермен хабардар етеді. Сол кездегі алаш қозғалысының басты әрі нақты мақсаты халықты ағарту еді. Бұл игі бастаманы ұлтты сауаттандырудың негізін қалап, нағыз жанқиярлықтың үлгісін көрсеткені баяндалады. Жалпы, ұлтты оятуға бағытталған барлық әрекеттер мен талпыныстар ағартушылықтың, білім мен ғылымның дамуына кең жол ашқаны туралы көптеген мәліметтер кездестіруге болады [4].

Осы мақаланың қарастыру барысында М. Жұмабаевтың түркішілдік идеялары XX ғасырдың басында – Ресей империясы күйреп, Түркі халықтары үшін ұлттық ояну дәуірі басталған уақытта қалыптасқанын аңғаруға болады. Ұлтшылдық, түркішілдік және исламшылдық идеяларын алған тартқан «Ғалия» медресесі өз дәуірінде қазақ, татар, башқұрт жастарының бойына ұлттық рух пен азаттық сезімін сіңірді. Бұл оқу орны Ресей үстемдігі астындағы түркі халықтарының санасын оятып, патшалық биліктің отаршыл саясатына қарсы тұруға үндеді. Осындай серпіліс пен рухани жаңғыру халықтың шынайы өмірлік жағдайларынан туындаған еді. Патшалық Ресейдің қанаушылық пен қысымға негізделген саясаты елдің наразылығын күшейтті. Бұл саясат қазақ жерін бөлшектеп, оны Ресейден қоныс аударған мұжықтарға бөліп беруге, жергілікті халықтың тілін жойып, дәстүрінен айыруға бағытталды. Сонымен қатар, халықты орыстандыру үшін түрлі заңдар қабылданып, қазақтарды өз мәдениеті мен бірлігінен ажырату көзделді. Соның салдарынан қазақ халқының ынтымағы әлсіреп, ұлы орыс өктемдігіне тәуелді күйге түсті. Енді кейбіреулер жоғары билікке жағымпазданып, шен-шекпенге ұмтылып, бұрынғы қарсыластарының өздерін мадақтайтын дәрежеге жетті.

Тағы бір айта кететін жәйт, Мағжан негізінен отбасына, әкесіне, үлкенге құрметпен қарайтын, тапқа немесе топқа бөлінбеген дәстүрлі қазақ қоғамында дүниеге келіп, сол ортада тәрбиеленді. Сонымен қатар, ол татар медресесінде білім алып, түрікшілдік пен исламшылдық рухында, кейін Ресейдің отарлық саясатының қысымын көріп, езгіге ұшыраған қазақ халқының ұлттық санасын оятқан дәуірдің перзенті болды. Сондай-ақ ол орыс зиялылары арасындағы ұлтшылдық идеялардың да бар екенін жақсы түсінді. Батыс пен Ресейдің көрнекті ақындары мен ойшылдарының шығармаларынан нәр алып, олардың идеялық мектептерін үйренді. Осыншама айтылған тарихи әсерлердің нәтижесінде Мағжанның ұлтшыл, түрікшіл, рухы биік әрі санасы сергек ақын болып қалыптасуы заңды жағдай еді. Бұл кезеңде Мағжан орыс және Батыс әдебиетімен танысып, Шекспир, Гейне, Гете, Байрон, Пушкин, Фет, Бальмонт сияқты ақын-жазушылардың еңбектерін оқып, олардың идеалистік көзқарастарынан әсер алды [4].

Мағжан туралы мақала жазған Ы. Ожайұлы М. Жұмабаев ұлтшылдық пен түрікшілдік идеяларын арқау еткен өлеңдерін «Ғалия» медресесінде оқып жүрген кезінде жаза бастағанын, ақынның «Туған жерім – Сасықкөл» атты шығармасында ол патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына деген қарсылығын ашық білдіргенін, ал «Анама», «Жазды күні», «Жауынгердің жыры», «Орал», «Орал тауы», «Алыстағы бауырыма» сияқты туындылары оның бойындағы ұлттық сезім мен отансүйгіш рухтың қалыптаса бастағанын көрсетеді.

Ұлтшылдық сезім әдетте ең әуелі отбасынан бастау алып, кейін туған жер мен ауыл арқылы қалыптасып, дамиды. Туған жерін сүймеген адам отанын да шынайы сүйе алмайды.

Мағжанның да ұлтқа деген сүйіспеншілігі осы жақын ортасынан басталып, уақыт өте келе тереңдеп, күшейе түсті. Алғашқы кезде оның ұлтшылдық сезімі толық қалыптаспаған еді, себебі ол сол дәуірдегі ұлтшыл замандастарына еліктеп, солардың әсерімен бұл сезімді бойына сіңірді. 1919 жылдарға дейін ақынның бұл тақырыптағы шығармалары көп кездеспейді. Алайда Колчак дәуірінің ауыр кезеңі мен кеңес билігінің ұлтшылдықты шектеуі Мағжанның бұрын басылып қалған түрікшілдік сезімін қайта оятты. Сол кезеңде ол ұлт мүддесін түркі дүниесінің ортақ туының астына біріктіруді дұрыс жол деп санады. Ұлттық шеңбердің тарылғанын сезген ақын түркі халықтарының мәңгілік бауырластығы мен бірлігін қалыптастыруды мақсат етті [2].

Енді осы Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы ұлтшылдық рух нақты көрініс тапқан туындылардың бірі – «Сүйемін» өлеңі қарастырсақ, онда ақын былай дейді:

Ұйқы басқан қабағын,
Бастыра киген тымағын,
Жалқаулықты жар көрген,
Жүрген ескі заңымен,
Алдындағы малымен,
Бірге жусап, бірге өрген.
Алаш деген елім бар,
Неге екенін білмеймін –
Сол елімді сүйемін деп жырлаған [5].

